

Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

@ alatau.offset@mail.ru

alatau_gazeti

alatau_gazeti

Наурыз - халықаралық әйелдер мерекесі!

ҚҰРМЕТТІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАДІРЛІ АНАЛАРЫ, АРДАҚТЫ АРУЛАРЫ!

Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – адамзатқа өмір сыйлаған аналардың, қоғамға көрік берген арулардың, елдің еңсесін тіктеген еңбекқор әйелдердің мерейлі мейрамы. Табиғат түлеп, тіршілік жаңаратын осынау ғажайып шақта баршаңызға ізгі тілегімді арнап, шынайы алғысымды білдіремін.

Әйел – тіршіліктің тірегі, отбасының жүрегі, ұлттың ұйытқысы. Қазақ халқы қашанда ананы ардақтап, қызды құрметтеп, әйелді сыйлай білген. «Ана – бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген дана сөздің астарында үлкен мән жатыр. Сіздер ұрпақ тәрбиелеп қана қоймай, елдің ертеңін қалыптастырып келесіздер.

Бүгінгі таңда Талдықорған қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына әйелдердің қосып отырған үлесі зор. Білім беру саласында шәкірт тәрбиелеп жүрген ұстаздарымыз, денсаулық сақтау жүйесінде адам жанына араша түсіп жүрген ақ халатты абзал жандар, мәдениет пен өнердің өрісін кеңейтіп жүрген шығармашыл арулар, мемлекеттік қызмет пен құқық қорғау саласында табандылық танытып жүрген мамандар – барлығы да қаламыздың өркендеуіне өз үлестерін қосып келеді. Кәсіпкерлік саласында да табысты еңбек етіп, жаңа жұмыс орындарын ашып, шағын және орта бизнестің дамуына серпін беріп отырған іскер әйелдеріміздің еңбегі ерекше құрметке лайық.

Сонымен бірге сіздер – отбасының берекесін кіргізіп, шаңырақтың шаттығын арттырып отырған асыл жандарсыздар. Ұлттық құндылықтарды сақтап, салт-дәстүрді ұлықтап, жас ұрпақтың бойына адамгершілік пен ізгілікті сіңіріп келесіздер. Сіздердің мейірімге толы жүректеріңіз, сабырлы мінездеріңіз бен даналықтарыңыз қоғамымыздың рухани тұтастығын нығайтады.


Қаламызда әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, олардың кәсіби және шығармашылық әлеуетін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Біз алдағы уақытта да нәзік жандылардың бастамаларына қолдау көрсетіп, отбасылық құндылықтарды нығайтуға, ана мен балаға қамқорлық жасауға басымдық береміз.

Құрметті аналар мен арулар!

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, баянды бақыт пен ырыс-береке тілеймін. Әр күніңіз шуақты көктемдей жарқын, көңілдеріңіз шаттыққа толы болсын. Еңбектеріңіз еленіп, абыройларыңыз асқақтай берсін!

Сіздерге деген құрмет пен ризашылық ешқашан толастамайды. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Ізгі тілекпен **Ернат БӘЗІЛ**,
Талдықорған қаласының әкімі



НАУРЫЗ АЙЫНДА ҚАНША КҮН ДЕМАЛАМЫЗ?

Көктемнің бірінші айында қазақстандықтар екі мемлекеттік мерекені атап өтеді.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

Бес күндік жұмыс аптасы бойынша – 3 күн демалыс: 7, 8 және 9 наурыз (сенбі, жексенбі, дүйсенбі);

Алты күндік жұмыс аптасы бойынша – 2 күн демалыс: 8 және 9 наурыз (жексенбі, дүйсенбі).

Наурыз мейрамы

Бес күндік жұмыс аптасы бойынша – 5 күн демалыс: 21, 22, 23, 24 және 25 наурыз (сенбі, жексенбі, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі);

Алты күндік жұмыс аптасы бойынша – 4 күн демалыс: 21, 22, 23 және 24 наурыз (сенбі, жексенбі, дүйсенбі, сейсенбі).

Жалпы, бес күндік жұмыс аптасы бар қазақстандықтар наурыз айында 8 мерекелік күнді демалады.

СКОЛЬКО ДНЕЙ ОТДЫХАЮТ КАЗАХСТАНЦЫ В МАРТЕ?

В марте казахстанцы отмечают два государственных праздника.

8 марта – Международный женский день

При пятидневной рабочей неделе – 3 выходных дня: 7, 8 и 9 марта (суббота, воскресенье, понедельник);

При шестидневной рабочей неделе – 2 выходных дня: 8 и 9 марта (воскресенье, понедельник).

Наурыз мейрамы

При пятидневной рабочей неделе – 5 выходных дней: 21, 22, 23, 24 и 25 марта (суббота, воскресенье, понедельник, вторник, среда);

При шестидневной рабочей неделе – 4 выходных дня: 21, 22, 23 и 24 марта (суббота, воскресенье, понедельник, вторник).

В общей сложности казахстанцы с пятидневной рабочей неделей в марте отдыхают 8 праздничных дней.

БАСПАСӨЗ - 2026

Жазылу базасы:

редакция арқылы

1 жылға – 4 212 теңге.

«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға

1 жылға – 6 550,96 теңге.

«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға

1 жылға – 8 925,28 теңге.

Цена подписки:

через редакцию

на год – 4 212 тенге.

через «Казпочту» для физических лиц

на год – 6 550,96 тенге.

через «Казпочту» для юридических лиц

на год – 8 925,28 тенге.



«АЛАТАУҒА»
ЖАЗЫЛУДЫ
ҰМЫТПАДЫҢ БА?

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

ҚАЗАҚСТАН АРҚЫЛЫ ӨТКЕН ТРАНЗИТТІК МАЛДАН АУСЫЛ БЕЛГІСІ ТАБЫЛДЫ

Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстан мен Қырғызстанға жөнелтілген ресейлік малдан аусылдың клиникалық белгілері анықталды. Бұл туралы «БҚО ветеринар дәрігерлері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, профессор Ғайса Әбсәтіров мәлімдеді.

Маманның айтуынша, шекаралық тексеріс кезінде малдың ауыз қуысында жара және сілекей ағу белгілері байқалған. Ол Еуразиялық экономикалық одақ аясында эпизоотиялық бақылаудың әлсіздігін сынға алып, мәселені ұлттық қауіпсіздік деңгейінде қарастыру қажет екенін айтты.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА 35 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Жетісу облысында 35 отбасы жаңа баспанаға қол жеткізді. Тұрғын үй кілттері Талдықорған қаласы мен Көксу ауданында тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға табысталды.

Талдықорғанда әлеуметтік осал санаттағы 28 отбасы бір, екі және үш бөлмелі пәтерлерге ие болды. Пәтерлер «Жастар-3» тұрғын үй алабында, «Шығыс» шағын ауданында және Қадырғали Жалайыри даңғылы бойында орналасқан.

Ал Көксу ауданының Балпық би, Жамбыл және Зылиха Тамшыбай ауылдарында 7 жеке тұрғын үй пайдалануға берілді. Жаңа баспаналар толық емес және көпбалалы отбасыларға, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған азаматтарға табысталды.

ҚҰТҚАРУШЫЛАРҒА ЖАҢА АРНАЙЫ ТЕХНИКА ТАБЫСТАЛДЫ

Талдықорған қаласында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев пен Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әринов құтқарушыларға жаңа арнайы техникалардың кілтін табыстады.

Облыс әкімінің айтуынша, 2022–2025 жылдары өңірде азаматтық қорғаныс жүйесінің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында 42 бірлік арнайы техника сатып алынған. Биыл тағы 14 техниканы лизинг арқылы алу жоспарланып отыр.

Жаңа техникалар Талдықорған қаласы мен Панфилов, Алакөл, Сарқан аудандарының өрт сөндіру бөлімдеріне және облыстық ТЖД-ға берілді. Олардың қатарында өрт сөндіру көліктері, жол талғамайтын жедел-құтқару техникалары мен құтқару катерлері бар.

Жауапты мамандардың айтуынша, заманауи техника төтенше жағдайларға жедел әрекет етіп, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЖЕТИНШІ ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕН АШЫЛДЫ

Талдықорған қаласында жаңартудан өткен әлеуметтік дүкен ашылды. Осылайша облыс орталығында «Жетісу» ӘКК желісі бойынша 7 әлеуметтік дүкен мен әлеуметтік сөре жұмыс істеп тұр. Мұнда азық-түлік тауарлары нарықтағыдан орта есеппен 20–25 пайызға арзан сатылады.

Дүкен «Жетісу» ӘКК» ӘДИ» АҚ қолдауымен және жергілікті кәсіпкерлермен бірлесіп ашылды. Сөрелерде әлеуметтік маңызы бар 19 түрлі өнім ұсынылған. Мәселен, I санатты жұмыртқа – 550 теңге, күнбағыс майы – 510 теңге/литр, күріш – 380 теңге/кг, картоп – 180 теңге, сәбіз – 170 теңге/кг.

Мамандардың айтуынша, мұндай дүкендер әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында ашылып, өнімдер өндірушіден делдалсыз жеткізіледі.

Жаңарған «JETI» әлеуметтік дүкені қаланың «Самал» шағын ауданында орналасқан.

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС КҮНІНЕ АРНАЛҒАН АЙЛЫҚ БАСТАЛДЫ

Жетісу облысында 1 наурыз – Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күніне орай «Тұрақты және қауіпсіз болашақ үшін экологиялық тәуекелдерді басқару» ұранымен оқыту және ақпараттық іс-шаралар айлығы басталды. Бұл туралы облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Бағдат Тыныбек хабарлады.

Айлық аясында өңірдің барлық қала-аудандарында оқу-жаттығулар, мектептер мен колледждерде ашық сабақтар, сондай-ақ азаматтық қорғау мамандарымен кездесулер өтеді. Сонымен қатар, ТЖД бөлімшелерінде арнайы техника мен құтқару жабдықтарын таныстыру мақсатында ашық есік күндері ұйымдастырылады.

Мамандардың айтуынша, бұл шаралар халықтың төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылға дайындығын арттырып, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

ЖЕКЕ ҚҰРАМ ҮШІН МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ШАРА ӨТТІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының жеке құрамымен моральдық-психологиялық ахуалды нығайту, ұжымдық бірлікті арттыру және жағымды көңіл күй қалыптастыру мақсатында мәдени-танымдық іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында Жаркент қаласы мен Панфилов ауданының көрікті жерлері таныстырылып, Жаркент мешіті, М.Тынышбайұлы атындағы «Жауынгерлік Даңқ» музейі, Ә.Қастеев атындағы көркемсурет музейі, «Жаркент-Арасан» шипажайы және қасиетті Әулие ағаш нысандарына экскурсия жасалды.

КУРСАНТТАР ОҚУШЫЛАРМЕН ҮГІТ-НАСИХАТ КЕЗДЕСУІН ӨТКІЗДІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасында тәжірибеден өтіп жатқан ҚР ҰҚК Шекара академиясының курсанттары Алматы ауылының Елтінді батыр атындағы орта мектебі және Атамекен ауылының Розыбакиев атындағы мектебінің оқушыларымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында шекара қызметінің имиджін арттыру және Шекара академиясына оқуға түсу тәртібі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға әскери мамандықтың артықшылықтары таныстырылып, сұрақтарына жауап берілді.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)



БАТЫР АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Талдықорған қаласында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында көпбалалы аналарды ұлықтауға арналған салтанатты шара өтті. Қалалық Салтанат сарайында ұйымдастырылған мерекелік жиында 11 анаға мемлекеттік наградлар – «Алтын алқа» және «Күміс алқа» төсбелгілері табысталды.

Салтанатты шараға қала әкімі Ернат Бәзіл қатысып, ардақты аналарды құттықтап, марапаттарды табыс етті. Биыл бір ана «Алтын алқа», ал он ана «Күміс алқа» иегері атанды.

Қала әкімі өз сөзінде аналардың қоғамдағы орны айрықша екенін атап өтті.

Шара барысында аналарға ақ тілектер айтылып, мерекелік көңіл күй сыйланды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай игі дәстүр аналардың еңбегін бағалап, көпбалалы отбасыларды қолдауға бағытталған.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

РУХЫ БИІК ӘКЕЛЕР - ҰЛТ БОЛАШАҒЫН МӘПЕЛЕР

27 ақпан «Қ.Қасымов атындағы №28 ІТ мектеп лицейі» КММ-ның алды күндегіге қарағанда әбігерлі, кіріп шығушы оқушылардан гәрі, мектепке ата-аналар көбірек кіріп жатты.

Көптің бірі болып біз де кірдік. Мектептің кіре беріс дәлізінде Құрманғазының күйі «Балбырауынға» биші қыз балалар билеп жатты. Жағалай орналасқан «Ұлттық құндылықтар мен өке тәрбиесі», «Өке - отбасының тірегі» атты дөңгелек үстел, «Мен өкеммен мақтанамын» атты суреттер көрмесі, Мәжіліс залында «Менің өкем жақсы адам» концерттік бағдарламасы, «Өкенің отбасындағы рөлі» деген тақырыпта бірнеше көріністер көрсетілді. Бұл өте тәрбиелік мәні жоғары, үлгі етерлік кеш болды.

Кеш туралы толық мәлімет газеттің келесі санында беріледі.

Сембек ӘБДІРАХМАНОВ



ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙҒА ЖАУАП

ӨТЕНАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕН КЕЛГЕН ЖАУАП

Біз газетіміздің №7 санында «Жаяудың жағдайы қашан оңалады?» деген мақалада Өтенай ауылдық округіне қарасты ауылдардағы әлеуметтік мәселелер жайлы жазған болатынбыз. Онда жаяу жүргіншілер жолы, автобус аялдамалары және бағдаршам қою туралы сөз қозғалған.

Сол жазылған мақаламызға Өтенай ауылдық округінің әкімі Р. Малтаев:

– «Талдықорған қаласы Өтенай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Алатау қоғамдық саяси газетінде жарияланған мақалаға сәйкес, төмендегіні хабарлайды:

Ынтымақ тұрғын үй алабындағы Қабанбай көшесі бойына үш жерге аялдама кешені орнатылып, сонымен қатар, Желтоқсан көшесіне (№30 мектеп маңына) смарт аялдама кешенін орнату және бағдаршам қою бойынша тиісті ұсыныс хат жолданды. Қазіргі таңда аталған мәселе қаралу үстінде.

Сондай-ақ, жаяу жүргіншілерге арналған жол белгілерін орнату және жаяу жүргіншілер жолын салу мәселесі бойынша тиісті мекемелерге ресми хат жолданғанын хабарлайды, - деген ресми жауабымен бөлісті.

Гүлнұр БАЙМҰХАН

ТАБИҒАТ

ӨРТ - АСА ҚАТЕРЛІ ЖАУ!

Өрт - аса қатерлі жау. Сондықтан бұған бей-жай қарауға болмайды. Айтып келмейтін апаттардан сақтану да күн тәртібіндегі басты мәселесінің бірі. Қай кезде де тілсіз жауға тосқауыл қою қажет. Сондықтан тауда және демалыс орындарында өрт қауіпсіздік ережелерін үйрететін, үгіт насихат жұмыстарын тек мемлекеттік орман күтушілері мен өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен бірге халқымыз да атсалысып бірге жұмыс жасауымыз қажет деп ойлаймын.

Орманды алқаптарда өрт қауіпсіздігіне аса назар аудару қажет. Жазда күннің ысуына байланысты табиғи өрттердің орын алу қаупі арта түседі. Көп жағдайларда орман өртінің пайда болуы 80, 90 пайыз адамдардың кінәсі болып табылады. Орманда өрт қауіпсіздік ережелерді білмеуінен немесе сақтамауынан пайда болады. Өрт қауіпсіздігі – бұл өрт болу мүмкіндігін болдырмау және оның пайда болған кезінде адамдарға, қоршаған ортаға дағы тіршілік иелеріне және табиғат құндылықтарына келтіретін зияны өте көп.

Табиғатымыздың сұлу да әсем жерлеріне барып тамашалап, демалғанды бәріміз ұнатамыз. Алайда ормандағы өрт қауіпсіздік шараларын сақтап, демалған орындарды тазалап, күл-қоқыс шашпай жинап кетуіміз әрқайсымыздың міндетіміз.

А.Қ. ҮСЕНОВ,

«Қапал орман шаруашылығы» КММ

№3 орман шеберлік учаскесінің орман шебері

АШИМБАЕВ ОБСУДИЛ ПРОЕКТ НОВОЙ КОНСТИТУЦИИ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ ЖЕТЫСУ

Председатель Сената Парламента Казахстана Маулен Ашимбаев встретился в Талдыкоргане с депутатами маслихатов, представителями этнокультурных объединений и молодежью области Жетысу,- передает «24KZ».

Темой встречи стало обсуждение проекта Конституции. Спикер Сената Парламента подчеркнул, что этот значимый для страны документ – логическое продолжение всех инициатив Главы государства. А реформы в рамках новой Конституции направлены на устойчивое развитие страны и укрепление демократических принципов. Также Маулен Ашимбаев подчеркнул, что республиканский референдум, назначенный на 15 марта, даст гражданам возможность принять важное решение о будущем страны. В этой связи в проекте нового Основного закона особое внимание уделено верховенству закона и правопорядка, защите прав и интересов граждан, а также устойчивому развитию страны. Мир меняется, меняются потребности общества, и оно ждет реальных решений и ответов на волнующие вопросы, отметил спикер Парламента. Поэтому принятие новой Конституции станет главным залогом успеха в дальнейших преобразованиях.

НАЗНАЧЕНИЯ

Али Рустам Постановлением Правительства Республики Казахстан назначен на должность вице-министра культуры и информации Республики Казахстан. Об этом сообщает пресс-служба Правительства РК.

Родился в 1984 году в Алматинской области. Окончил Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова.

Трудовую деятельность начал в 2006 году корреспондентом в газете «Деловая неделя». (корреспондент, редактор, заместитель главного редактора), директор ГККП «Жетісу жастары» Молодежный центр», директор Центра молодежной политики Алматинской области, аким Кайнарлинского сельского округа Алматинской области. Начальник, руководитель управления по вопросам молодежной политики Алматинской области. Руководитель управления внутренней политики Алматинской области, заместитель акима Алматинской области, аким Ескельдинского района Алматинской области, заместитель акима области Жетісу.

С 2024 г. по настоящее время работает председателем Комитета архивов, документации и книжного дела Министерства культуры и информации РК.



АКСУСКИЙ РАЙОН

НОВЫЙ ДОМ КУЛЬТУРЫ СО СПОРТИВНЫМ ЗАЛОМ

В селе Н.Есеболатов Аксуского района на благо населения передан новый дом культуры на 180 мест, совмещенный со спортивным залом, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Жители села отмечают, что данный культурно-спортивный объект даст новый импульс эффективной организации досуга молодежи сельского округа, население которого превышает 2 тысячи человек, способствуя развитию творческих способностей и массового спорта. Отметим, что строительство объекта было начато в

апреле 2024 года. Общая площадь застройки – более 2 тыс. кв. метров. В целом до конца года в регионе планируется завершить строительство и ввести в эксплуатацию 9 новых объектов культуры.

Фотография предоставлены акиматом Аксуского района

В КАЗАХСТАНЕ ПОЯВЯТСЯ ЧАСТНЫЕ ДЕТЕКТИВЫ

Мажилис парламента РК принял в работу проект закона «О частной детективной деятельности», сообщает Orda.kz.

В кулуарах парламента депутат Снежанна Имашева уточнила, что документ расширяет возможность граждан по защите своих прав и законных интересов. Кроме того, закон определяет правовой статус детективных агентств и частных детективов, устанавливает порядок лицензирования их деятельности и государственное регулирование. В Казахстане частная детективная деятельность не легализована. В отличие от частной охраны, для которой существует отдельный закон («О частной охранной деятельности»), закона о частных детективах в стране пока не было. Деятельность частных детективов в Казахстане выводят из тени спустя 20 лет.



БОЛЕЕ 1000 КВАРТИР У ОДНОГО КАЗАХСТАНЦА

В Казахстане 1 267 человек владеют больше чем десятью квартирами, об этом в НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» сообщили команде новой рубрики TengriNews.kz — TengriHOME.

Госкорпорация поделилась с информацией, что по состоянию на 27 февраля 2026 года более двух квартир имели 172 236 человек, а более пяти квартир – 11 072 человека.

«Более 10 квартир имели 1267 человек, более 20 квартир – 281 и более 50 квартир – 74 человека. Максимальное количество квартир, зарегистрированных за одним физическим лицом, составляет 1015», - говорится в ответе на запрос

TengriHOME. Также сообщается, что всего в стране насчитывается 3 470 289 собственников объектов жилой недвижимости. На рынке жилья огромное количество сделок совершают не обычные покупатели, а так называемые «инвесторы», приобретающие квартиры целыми подъездами.

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

РОДИТЕЛИ В ТАЛДЫКОРГАНЕ ПОЖАЛОВАЛИСЬ НА МАССОВЫЕ ПОБОРЫ В ШКОЛАХ

В социальных сетях распространяется информация о сборе денежных средств в школах Талдыкоргана к 8 Марта. По словам родителей, в классных WhatsApp-чатах обсуждаются суммы на подарки педагогам, передает корреспондент агентства Kazinform.

Некоторые родители отмечают, что не все семьи могут позволить себе дополнительные траты. В комментариях под публикациями мнения разделились: одни считают подобные сборы добровольной инициативой, другие же называют их скрытым давлением и выступают против любых денежных поборов.

ШТРАФЫ ЗА ДЕНЕЖНЫЕ ПЕРЕВОДЫ

С 2026 года в Казахстане ужесточен контроль мобильных переводов, передает Ulysmmedia.kz. Теперь для проверки должны совпасть три условия:

- переводы от более чем 100 разных лиц в каждом из трех месяцев подряд;
- общая сумма должна превысить 12 минимальных зарплат - около 1 млн тенге;
- переводы между близкими и бытовые расчеты не подпадают под контроль.

Решающую роль играет именно количество разных отправителей, а не число операций. Превышение указанной суммы — это лишь повод для анализа, а не автоматический штраф, поясняют специалисты.

Штрафы грозят только при доказанном сокрытии дохода (от 15 МРП и до 200% неуплаченных налогов). Первые уведомления по данным за I квартал 2026 года налоговая начнет рассылать после 15 апреля 2026 года.

110 КОРРУПЦИОННЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ ЗА ЯНВАРЬ ТЕКУЩЕГО ГОДА

Как сообщили в Комитете национальной безопасности Республики Казахстан, в январе этого года в стране было зарегистрировано 126 уголовных правонарушений, из которых 110 относятся к коррупционным преступлениям, передает BAQ.kz.

По данным КНБ, большая часть выявленных фактов связана со взяточничеством, мошенничеством и злоупотреблением должностными полномочиями. Пресечена незаконная деятельность 89 лиц. Завершено расследование 129 уголовных дел, из них 121 направлено в суд. Сумма установленного ущерба по оконченным уголовным делам составила 18 млрд тенге, при этом в бюджет уже возмещено свыше 100 млн тенге. В ведомстве подчеркнули, что работа в данном направлении продолжается.

КАЗАХСТАНЦЫ ВОЗВРАЩАЮТСЯ НА РОДИНУ ИЗ СТРАН БЛИЖНЕГО ВОСТОКА

В аэропорты Казахстана продолжают прибывать рейсы с гражданами Республики Казахстан, возвращенными из стран Ближнего Востока, передает агентство Kazinform.

Авиакомпанией Air Astana выполнены рейсы из городов Медина и Джидда.

На 4 марта число возвращенцев в Казахстан составляло 946 пассажиров плюс к этому к вечеру того дня количество возвращенцев увеличилось еще на 330 человек. Таким образом работа по возврату граждан Казахстана продолжается.

В КИТАЕ РОДИЛАСЬ ПЯТЕРНЯ

В города Ухань, расположенном в провинции Хубэй, 24-летняя жительница Синьцзяна родила пятерых детей. Согласно медицинской статистике, вероятность естественного зачатия пятерни составляет всего 1 на 60 миллионов, передает собственный корреспондент агентства Kazinform в Пекине со ссылкой на местные СМИ.

Родился мальчик и четверо девочек с весом от 990 до 1030 граммов. Счастливый отец публично выразил признательность своей супруге за проявленную стойкость и пообещал, что по возвращении домой обязательно подарит ей золото и приготовит ее любимые национальные блюда - плов и запеченную в тандыре самсу.

ЗАМАНАУИ ӘЙЕЛ – ЕЛДІҢ АЙНАСЫ

БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЙЕЛДЕРІН ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ ДЕП ТЕ, ӘДЕТТЕ ЕР АДАМҒА ТӨН АЙТЫЛАТЫН «ТҮЛҒА» ДЕГЕН СӨЗДІ ӘЙЕЛГЕ ТЕЛІП АЙТСАҚ АРТЫҚ БОЛМАС. ӨЙТКЕНІ ҚАЗІРГІ ӘЙЕЛ ӨТКЕН МЕН БҮГІНДІ ӨЗІНІҢ ІШКІ ДҮНИЕТАНЫМЫ АРҚЫЛЫ ЗЕРДЕЛЕП, ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАПТАРЫМЕН ҰШТАСТЫРА БІЛЕТІН ӨТЕ САУАТТЫ, ЗЕРЕК АДАМ ДЕСЕК ТЕ ҚАТЕЛЕСПЕЙМІЗ. ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ҚАЙ САЛА БОЛМАСЫН ӘЙЕЛ МЕҢГЕРМЕГЕН САЛА ЖОҚ. ОЛАРДЫҢ ТАҒЫ БІР АРТЫҚШЫЛЫҒЫ КӘСІБІНДЕ, ОТБАСЫН ДА АЛЫП ЖҮРЕ АЛУЫ. ҚАЗІРГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ КҮЙЕУІНЕ МАСЫЛ БОЛМАЙ, ЕРЛЕРДЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ БОЛУҒА ҰМТЫЛУЫ ДА ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ ЖАҢА ЕРЕКШЕЛІГІ ДЕУГЕ БОЛАДЫ. ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДЕ БОЛЫП ЖАТҚАН ЖАҢАЛЫҚТАРҒА БЕЙІМ ӘЙЕЛДЕР ЕЛ ТАҒДЫРЫНА ДА ЖАУАППЕН ҚАРАЙДЫ.

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАНША ӘЙЕЛ БАР

Осы орайда ойға оралған сұрақтың бірі гендерлік саясаттың нәтижесінде елімізде билікте жүрген әйелдер саны қанша екен? - деген сұрақ туындады. Ойша санап көрсек, олардың саны санаулы екен.

Екі саусақтан тұратын санға Ақпарат министрі Аида Балаева, Денсаулық министрі Ақмарал Әлназарованы ғана атай алдық, өткен жылғы осы мерзімдегі дерек бойынша Үкімет құрамында 3 әйел, Парламентте - 28 әйел депутат (18,9 пайыз), Мәслихаттарда әйелдер үлесі - 22,7 пайыз болған.

айналысатын жобалық істері ауқымды болып табылатын беделі жоғары 25 әйелді ерекше атап өтті.

Олар есімдері елге таныс Үміт Шаяхметова, Мәдина Абылқасымова, Аида Балаева, Ляззат Ибрагимова, Әсел Тасмағамбетова, Гаухар Каппарова, Елена Бахмутова, Кунсулу Закарья, Чинара Бугимбаева, Жанна Кан, Гульнар Досаева, Жания Аубакирова, Динара Закиева, Әлия Молдабекова, Әсел Мұқажанова, Салтанат Томпиева, Алина Алдамберген, Эльвира Азимова, Тамара Дүйсенова, Гүлнар Баженова, Зауреш Батталова, Светлана Жакупова, Аружан Саин, Анар Рахымбаева.



құқықтарының заңдылығын ерлермен бірдей етіп сақтау жолында күресуді тоқтатқан емес. Соның нәтижесінде ерлерден 30 пайыз кем еңбекақы алшақтығы бүгінде 9 пайызға дейін түскен. Сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне де ұдайы назар аударып, талаптар қойып отырады.

Дүниежүзілік экономикалық форумның деректері бойынша соңғы 10 жылда Исландия мемлекеті гендерлік теңдік бойынша алдыңғы қатардағы ел болып саналады. Сонымен қатар жергілікті басқару мекемелеріндегі әйелдер саны 51,3 пайызға жеткен. Ел парламентіндегі әйелдер саны 46,7 пайыз. Бұл да дүниежүзілік алдыңғы көрсеткіш болып отыр.

және полицейлер өздері көріп қалған жағдай бойынша әкімшілік іс ашылады. Қазіргі талап бойынша жақынына жұдырық жұмсаған жанға бірінші мәрте ескерту, екінші реттен бастап қамау жазасы қолданылады.

Біздің елде зорлыққа ұшырағандардың 70-90 пайызы полиция көмегіне жүгінбейді екен. Себебі жәбірленуші ұялады немесе жағдайдың дұрыс бағытта шешілетініне сенбейді. Сол үшін бәрі «жабулы қазан – жабулы» күйінде қалғанын жөн көреді. Сол үшін мемлекет заңға өзгеріс енгізіп, жәбірленуші шағым жазбаса да зорлық көрсетушіні заң бойынша жазалауға бел буды. Бұл шешім талай қылмыстың алдын алып, әйелді арашалауы мүмкін. Қатаң жаза отбасында ойран салатын агрессорларды жаңа заң тәртіпке салады деген сенім бар.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Қазақстанда әйелдер құқығын қорғайтын жаңа заң бар.

Қазақ әйелінің отбасындағы ерлерден көретін, еті өліп кеткен мына үйреншікті іс-әрекеттері Біріккен Ұлттар Ұйымының мәлімдеуінше қорлық, зомбылық белгісі болып саналады. Яғни, серігің – күйеуің сені төмен санаса, мазаққа айналдырса, өз бетіңше шешім қабылдауға жол бермесе, қорқытып-үркітіп дегенін істетсе, саған дөрекілік танытып, ұрып-соқса, өз қалауын саған тықпаласа, үздіксіз бақылауда ұстаса, саған шығар жол қалдырмаса, достарың

ЖЕТІСУ ӘЙЕЛДЕРІН ӨЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ БАР

www.gov.kz өткен жылғы осы мерзімдегі деректері бойынша әйелдерге көрсетілген өлеуметтік қолдауға келсек, облыс құрылғаннан бері (3 жыл ішінде) 1200-ден астам көпбалалы отбасы баспанамен қамтамасыз етілді. Жыл соңына дейін тағы 400-ге жуық өлеуметтік аз қамтылған отбасыға үй берілу жоспарлануда. Сонымен қатар, 10 252 көпбалалы ана мемлекеттен қаржылай көмек алатыны аталған.

Жетісу облысында 3 487 – «Алтын алқа» иегері; 5 939 – «Күміс алқа» иегері; 385 – «Батыр ана» атағын алғандар; 440 – «Ана даңқы» орденінің иегерлері тұрады!

Облысымызда тұрғындардың 50 пайызы, яғни, әйелдер саны - 350 мыңнан астам. Олар өндіріс, кәсіпкерлік, мемлекеттік басқару, білім және денсаулық сақтау салаларында еңбегін етіп келеді. 140-қа жуық әйел басшылық қызмет атқарады. Әйелдердің қоғамдағы ролін арттыру мақсатында әкімдік тарапынан белсенді түрде жұмыс жүргізіледі. Мәселен, өткен жылы 13 632 әйел жұмысқа орналасты. 600-ден астам әйел кәсіптік даярлаудан өтіп, жаңа салада жұмыс істеуде. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 825 әйел арнайы курстан өтіп, 136-сы қайтарымсыз грант алды. Жалпы облыста кәсіпкер әйелдердің саны 27 340-қа жетті.

Жетісу облысы әкімінің жанынан құрылған «Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия» гендерлік теңдікті сақтау, отбасылық құндылықтарды нығайту және әйел мәртебесін көтерумен айналысады. Отбасылық құндылықтарды дәріптеу мақсатында облыста 11 аналар кеңесі жұмыс істейді, сонымен қатар өткен жылы мемлекеттік өлеуметтік тапсырыс аясында 7 жоба жүзеге асты. Олардың ішінде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы, әйелдерді көшбасшылыққа оқытатын «Tomigis» жобасы бар.

Иә, әйел – ана, әйел – отбасының шырағы, өмір шуағы, әйел – кәсіпкер, әйел – маман, қоғамның белсенді мүшесі. Әлемді құтқару әйелге өсиет етіп берілгенін ескерсек, парасатты пейілдеріміз әлемнің бейбіт күндерін жасауға жазсын!

Баян ТАҢАТАРОВА

ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ: ТЕҢ ШАРТТАР МЕН МҮМКІНДІКТЕР



Жалпы, сарапшылардың айтуынша қазақ билігінде әйелдер саны елімізде 50 пайыздан артық болса да, билікте олардың саны аз. Тіпті парламенттегі әйелдер санын 30 пайызға жеткіземіз дегелі де біраз жылдар өтті. Әзірше ол пайыздың ауылы көрінбейді.

Ал Қазақстандағы әйелдер саны - 10 381 377, бұл - еліміздегі жалпы халық санының 51,1%-ы. Кейінгі он жылда әйелдер саны 15,2%-ға өсті. Әйелдердің 64,4%-ы қалада, 35,6%-ы ауылдық жерлерде тұрады. Бүгінгі таңда 4,4 млн әйел әртүрлі салада жұмыс істейді, олардың басым бөлігі білім беру, сауда және денсаулық сақтау салаларында еңбек етеді – дейді ғаламтордағы деректер.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕДЕЛІ ЫҚПАЛДЫ 25 ӘЙЕЛІ

Forbes Kazakhstan басылымының айтуынша әлемдік деңгейде 2025 жылы 148 мемлекет қатысқан Дүниежүзілік экономикалық форумның Global Gender Gap Index жариялаған есебі бойынша гендерлік артықшылыққа бірде-бір мемлекет жетпеген. Гендерлік саясаттың есу жылдамдығы сарапшылардың айтуынша, осылайша баяу жүре берсе, гендерлік саясаттың толыққанды жүруіне елі 123 жыл керек екен.

Дегенмен әйелдердің төрт сала бойынша алатын көрсеткіштері жоғары. Мысалы, 148 елде әйелдер саны денсаулық саласында 96,2 пайыз, білім саласында - 95,1 пайыз, экономикаға қатысты - 61,0 пайыз, саяси саладағы мүмкіндіктері бойынша - 22,9 пайыз индексын көрсеткен.

Қазақстан 2024 жылы 76 орында болса, 2025 жылы бұл көрсеткіштер бойынша әлемде 92 орынды иеленді. 2024 жылғы көрсеткіштерге Париж Олимпиадасындағы қазақ спортындағы әйелдердің жоғары көрсеткіштері әсер еткенін айта кету керек.

Forbes Kazakhstan Қазақстанның гендерлік саясатында кәсіби ортада жоғары сенімге ие, тұрақты да ықпалды көзқарастарымен ерекшеленетін,

ӘЙЕЛДЕРСІЗ ӨТКЕН БІР КҮН

Гендерлік саясатта дүниежүзі бойынша алда келе жатқан мемлекет Исландия екен. Олар гендерлік теңдікке қалай жетті?

Forbes Woman сайтының, БҰҰ-ның деректері бойынша исландиялық әйелдердің 90 пайызы бұдан елу жыл бұрын, яғни 1975 жылы 24 қазанда бір күн тамақ істеу мен жұмысқа шығудан, тіпті бала бағудан бас тартқан. Олар бүкіл ел қалаларында бас көтеріп, митингілерге шығып әйелдердің теңдігі сақталынбайтыны, жұмысқа орналасқанда кәсіби іскерлігі мен білімі ескерілмей ерлерден 30 пайызға дейін кем жалақы алатыны, сондай-ақ демалыс күндері де үй шаруасына "жегілетіні" - ол тек күйеуі мен баланың жағдайын жасайтын күтуші ретінде екені, үй шаруасындағы әйелдерге де демалыс берілуі керек деген талаптар қойып, Манифест жариялады. 220 мың тұрғыны бар аралда сол күндері мектептер мен балабақшалар, мектептер, ең ақыры байланыс саласы да істемей, газеттер басылмай, шықпай қалды.

Тарихшылардың айтуынша, әйелдер өткізген акция халық арасында кеңінен қолдау тапты. Тіпті кейіннен елдің президенті болған (1980-1996 жылдары), ал әйелдердің шеруі болып жатқан кезде Рейкьявиктің Халықтар театрының басшылық қызметін атқарған Вигдис Финнбогдоттир та өзінің 3 жасар қызы мен анасын ертіп, "Исландия әйелдерінің жағдайын қалай жақсартуға болады?" деген мәселеге арналған митингке қосылған. Вигдис әлемде президент болған ең алғашқы әйел болып саналады. Ол төрт рет президент болып қайта сайланып отырған. 1996 жылы президенттік өкілеттілігін аяқтады. Айтакетерлігі, бүгінгі күнде де Исландия президенті әйел адам. Хвалле Томасдоттир президент болып 2024 жылдың 1 маусымында сайланды.

Жалпы айтқанда шағын арал болып есептелетін Исландияда әйелдер өз



немесе туыс-туғаныңмен араласуға тыйым салса, одан қорқып өмір сүрсен және оның бірдеңе істеуінен қорқып, ерлі-зайыпты қатынасты сақтап жүрсен - осы жағдайлардың бәрі отбасындағы зорлық-зомбылық белгісі деп санайды БҰҰ.

Қазақстанда аталған мәселелер жоқ деп айта алмаймыз. Осыған орай 2024 жылғы 15 маусымда «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы» заң күшіне енді.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы» заңға өзгеріс енгеннен бері Қазақстанның әр облысы мен қаласы күшейген заң аясында жұмыс істеуге кірісіп кетті. Бұрынғыдай отбасындағы әйелі ерінен жәбір көріп жүрсе де арыз түспеді деп көз жұма қарау енді болмайды. Жетісу облысында да қоғамдық ұйымдар құрылып, олар әйелдер мен балалар құқығын қорғауда өздерінің жұмыс жопарлары бойынша жұмыс істеуде.

Жаңа заң қабылданғанға дейін жәбірленуші арызынан бас тартса, заң бұзған азаматты жауапкершілікке тарта алмайтын еді. Ал қазір жаңа заң бойынша іс қозғау үшін ешқандай арыз-шағым қажет емес, өлеуметтік желіде тараған жазба, бейнекамераға түсіп қалған видео, көршілер немесе куәгерлердің хабарлауы

ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ!

ЖАС КЕЛСЕ ІСКЕ

КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫ КЕЗІНЕН БЕРІ ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАҒДАЙ ОЛ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ БАСШЫЛЫҚ ОРЫНДАРҒА ТАҒАЙЫНДАУ КӨП ЖАҒДАЙДА 40 ЖАСТАН КЕЙІН БОЛЫП ЖАТАТЫН. БІР ЖАҒЫНАН ОЛ ДА ДҰРЫС ШЫҒАР. СЕБЕБІ ОЛ ЖАСТА ҚЫЗМЕТКЕР ЖАН-ЖАҚТЫ ТӘЖІРИБЕ ЖИНАП, МІНЕЗІ ДА САБЫРЛЫ, САЛМАҚТЫ КҮЙГЕ КӨШЕДІ. ДЕЙ ТҰРҒАНМЕН КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІГІ БАР АДАМДАР ЖАС КЕЗІНДЕ АЛҒЫР БОЛАДЫ. ТАЛМАЙ, ШАРШАМАЙ ІЗДЕНІСТЕ БОЛАДЫ. ЖАҚСЫ НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҰМТЫЛЫСЫ ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕДЕ КӨРІНІС БЕРЕДІ.

Бұл жолғы айтпағымыз ел басқаруға келген Өтенай ауылдық округінің әкімі Малтаев Руслан Рысбекұлы туралы болмақ. Байқауымызша, Жетісу облысы бойынша ауылдық округ әкімдерінің ішіндегі ең жас әкім бола тұра, атқарған істері ауқымды. Көңіл толарлық шаруаларды атқарып жүр.

Руслан Рысбекұлы алғашында аталған округ бойынша қатардағы маман ретінде жұмыс атқарды, одан кейін бас мамандық қызметтерді көңіл толарлық деңгейде орындай білді.

Бұл туралы жалпы халық аузынан естіп, сондай-ақ бұқаралық ақпарат беттерінен де оқып білуге болады.

Біздің айтмайық деп отырғанымыз - өмір бір орында тұрмайды, күннен күнге адам тұрмысы үшін қажеттіліктер туындап тұрады. Ондай халыққа қажетті жұмыстарды орындау үшін сол төңіректегі әкімнің жанкешті еңбегі керек.

Мысалы, соның бірі - күре жолдың бойындағы

АКЛ тұсындағы халыққа өте қажет болып тұрған ауылдарға апаратын жолдардың кедергісіз таралуы үшін қажетті қаржы бөлінді - деген жақсы хабарды естідік. Яғни, бұл да ауыл әкімінің араласуымен, айтуымен қол жеткен жетістіктерінің бірі - деп есептеуге болады. Әрине, бұл іс те ауқымды шаруа, үлкен құрылыс тез арада біте қоймас. Дегенмен, ең бастысы қаржы бөлінді - жұмыстар көп ұзамай басталуы тиіс деген үміттеміз. Өйткені бұл жолдар Мойнақ, Еңбек, Ынтымақ, Өтенай сияқты ауылдарға апаратын күре жолдан тарайтын тармақтар болып есептеледі.

Осы мақаланың авторы ретінде сәті түскенде АКЛ төңірегіндегі аталған ауылдарды аралап, тыныс-тіршілігімен танысқанды жөн санап, аралап шыққан едім. Ынтымақ ауылы туралы газетіміздің 23.01.2026 жылғы №3 санында жазылды. Енді Мойнақ пен Еңбек ауылына ат басын тіреп, көрген жайларға тоқталсам.

МОЙНАҚ АУЫЛЫ

Өтенай ауылдық округіне сол жылдардан бастап 300 балаға арналған мектеп ғимараты, тұрғын үйлер салынды. Жылдар өте



Мойнақтағы мешіт

қарасты елді мекендердің бірі Қаратал өзенінің бойындағы Мойнақ ауылы (Заречный). Осы ауылдың іргесі қаланғанда 1975 жылы құс фабрикасы салынып, сол фабриканың жұмысшылары тұратын ауыл деп жоспарланған болуы керек. Фабриканың алғашқы директоры Сорокин Юрий Николаевич болды. Осы құс фабрикасы салынуына қатысты

тұрғындар саны көбейген сайын әркім өзі жеке үй тұрғызып алатын жағдайға жетті. Ауылға ауыз су кіргізілген, әр үй газ пешпен жылытуда, көшелерінің бәріне асфальт төселініпті. «Билайн» байланыс жүйесі орнатылған.

Ауыл тұрғындарының түгелдей дерлігі құс фабрикасында жұмыс жасайды. Ауылда бірнеше азық - түлік дүкені жұмыс істеп тұр.

Медициналық-акушерлік пункті, мәдениет үйі, мешіт бар. Ауыл мен қала арасына қатынайтын №226 автобус жүріп тұр.

Бүгінгі күні Мойнақ ауылында 1093 адам тұрып жатыр. Шағын аралас тілді (қазақ, орыс) орта мектепте 154 бала оқиды. Оның сыртында мектепке дейінгі дайындық сыныбында 15 бала, шағын орталықта 20 бала тәрбиеленуде. Мектептің әр сыныбындағы бала саны - 10-12 баладан аспайды. Сол себепті болса керек әр пән мұғалімдерінің балалармен сұрақ-



Мойнақтағы мектеп

жауап әдісіне мол мүмкіндік бар екені нәтижеден көрінеді. Жыл сайын бітіруші түлектердің 90 пайызы мемлекеттік білім грантымен жоғарғы оқу орындарына қабылданатыны қуанарлық

жағдай. Мұғалімдердің сапалық құрамы жоғары екендігін осы нәтижеден көруге болады.

ЕЛ ПІКІРІНЕ ҚҰЛАҚ АССАҚ...

Көшеде кездескен бірнеше тұрғындардан сұрағанымызда 300-ден астам ауыл тұрғындары құс фабрикасында жұмыс жасайтындығын айтты. Кездескен азаматтардың бәрі Өтенай ауылдық округінің әкімі Малтаев Руслан Рысбекұлына оң пікірлер білдірді.

Дегенмен, байқағанымыз Мойнақ ауылындағы тұрғындар тұрып жатқан екі қабатты екі үйдің шатыры әбден тозығы жетіп тұр екен. Жақсы бір боран соқса шатырлары желмен ұшып түсуі мүмкін, әрі қауіпті.

Екінші бір мәселе, қаншалықты



Изатова
Гүлмира Сүйеубайқызы

басшылығымен ақылдаса отырып шешетін болар деген ойдамыз.

Тағы бір шешімі табылмай тұрған мәселе - ауыл төңірегінде

мал жайылымының тапшылығы. Ауылдық жер болған соң мал ұстамай болмайтын рас. Бірақ бәрі жекешеленіп кеткен төңіректе бұл мәселе шешімін таппай отыр.

Мәдениет үйінің директоры Изатова Гүлмира Сүйеубайқызының айтқанына, ауылдағы мешітті «Әлихан» жауап-



Мойнақтағы тұрғын үй

шындық бары беймәлім, ауыл тұрғындарының айтуына қарағанда, құс фабрикасында жұмысшылар жұмыртқаларды

көршілігі шектеулі серіктестіктің бастығы Зейноллаұлы Ерғали деген азаматтың арқасында салынғанын айтып, ризашылығын білдірді. Сонымен қатар, мешіттің құжаттары толық жасалынғанын, оған тікелей облыстың бас имамы Дәуітов Керімбектің көмегінің тигендігін айтып өтті.

Ауылдың бұрынғы «Заречный» атауына бұл ауылда тұрғындар ішінде орыс ағайынның саны басым болғандықтан солай аталғанын білдік.

2006 жылдан бастап ауылдың аты жергілікті тұрғындар талабымен «Мойнақ» деп аталыпты. Оның тарихын зерттеген осы ауылдың тұрғыны болған Шорабек деген азамат қазір Еңбек ауылында тұрады екен. Ауылдың неге «Мойнақ» аталу тарихын білу мақсатындағы Шорабекті іздеп Еңбек ауылына да бардық, бірақ оны кездестіре алмадық. Бірақ ауылдың тіршілігімен танысып қайттық.

жуғанда т.б. жылы су қажет ететін жұмыстар жасағанда - жылы судың болмауы. Бұл мәселенің анық - қанығына жетіп, жұмысшыларға жағдай жасауға ықпал етуді округ әкімі «Құс фабрикасы»

ЕҢБЕК СҮЙГІШ «ЕҢБЕК» АУЫЛЫНДА

Өтенай ауылдық округіне қарасты Еңбек ауылында болып, барлық жағдайды көзбен көрдік. Жаңа мектеп, медпункт, мәдениет үйі, мешіт, пошта-байланыс бөлімшесі бар, көшелердің бәріне асфальт төселген ауылды аралау көңілсіз болған жоқ.

Жалпы, Еңбек ауылында 2564 адам тұрып жатыр. Жұмыс жасауға қабілетті адамдардың, шамамен 50-60 пайызы, қалада жұмыс жасайды екен. Қала мен Еңбек ауылының арасына №228 автобустың алтауы қатынайды және жүру арасы 12 минут. Бұл дегеніңіз ауыл үшін керемет мүмкіндік!

Жаңа заманауи тұрғыда салынған 360 балаға арналған мектепте бүгінгі күні 494 оқушы білім алуда. Мектеп таза қазақ тілінде оқытады, мектепалды даярлық сыныбында 60 бала, балабақша санатындағы мектепке дейінгі балалар тәрбиелейтін шағын орталықта - 80 бала тәрбиеленуде. Мектепте 55



Еңбектегі мектеп

мұғалім қызмет жасайды, оның 40 пайызы қаладан қатынап жұмыс жасайды екен.

Мәдениет үйінде 26 мың кітап қоры бар кітапхана орналасыпты. Мәдениет үйінің директоры Әлибекова Гүлбақыт Мырқалбайқызының айтуынша, мұнда бірнеше үйірмелер жұмыс жасайды екен. Біз би үйірмесінің би үйрену сәті жүріп жатқанына куә болдық. Бұдан басқа да «Ақдарига» әжелер ансамблі, «Шабит» домбыра үйірмесі,

«Шебер қолдар» үйірмелерінің бұйымдарымен таныс болдық.

Еңбек ауылының ішін аралап көріп, бірнеше ауыл тұрғындарымен ауылдың әлеуметтік жағдайы туралы әңгімелескендегі түйгеніміз - тұрғындардың округ әкімшілігіне деген жақсы пікірлерін естідік. Тек бір ғана проблема - Еңбек ауылына мектептегі орталық емес, жеке балабақша қажет екендігі айтылды.

Өтенай ауылдық округіне



Еңбектегі медпункт

қарасты ауылдарды аралап шығып, округ әкімі Малтаев Руслан Рысбекұлының басқарып отырған ауылдардағы жағдаймен танысып шықтық. Жалпы, пікір жаман емес. Тұрғындар айтқан жекелеген пікірлер орындар деген сенімдеміз.

Ер азаматтардан гөрі шынайылықты баса айтатын, әрі байқағыштығы бар әйелдер әкім туралы: - Округ әкімі Малтаев кейбір басшылар сияқты уәдені беріп алып оны ұзаққа дейін орындамайтын уәдешіл емес. Көп

сөйлемейді, бірақ айтқанын орындайды. Сөздің емес, істің адамы. Өзінің ішкі рухани дүниесінде ар ұяты, намысты жоғары қоятын сенімді тұлға, - деп баға берді.

Жол жүріп келе жатып байқағанымыз, жол бойындағы жаңа құрылыс - «Жастар-3» елді мекенінің өдемілігімен еріксіз көз тартатыны. Бұл ауылға құрылысы толық біткен кезде бір соғармыз деп, қойын кітапшамызға түртіп қойдық.

Сембек ӘБДІ-РАХМАН,
«Алатау» газетінің тілшісі

Дүйсөнбү - Понедельник, 9 наурыз

ХАБАР

05.00, 00.30 Т/х «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 «Арнайы репортаж»
09.30, 19.30 Т/х «Шырмалган тагдыр»
11.30 «Ата заң»
12.30 Х/ф «Госпожа горничная»
14.30 МультТ/с «Турбозавры»
15.00, 23.00 Концерт «Өлемнің жарыгы»
17.00 Кино. «жыным СОЛ-2»
19.00 Новости
21.30 Жаңалықтар
22.00 Т/х «Достық 13»

18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Мақсатына жеткендер»
19.15 Новости / Референдум-2026
19.30 «Фибрат»
19.55 Жаңа конституция
20.15 Д/ф «IT және Кәсіп»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Д/ф «Начать сначала...»
21.15 Агроаймақ
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Менің кумирім»
22.45 Жаңалықтар / Референдум-2026
23.00 Новости / Референдум-2026
23.10 Жаңа конституция
23.25 «Аман болайық»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 Т/с «Второй шанс»
14.30 «Qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көремиз-шоу»
20.00 «главные новости»
20.30 Т/с «Невский. Проверка на прочность»
01.00 «Главные новости»
01.30 Т/с «Личная жизнь Следователя Савельева»
03.45 «Паутина»
02.30 «Басты жаңалықтар»
03.00 «Көремиз-шоу»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Ризамын» ойын-сауық
07.00 «Time Vine» ойын-сауық
07.30 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 М/с «Губка Боб»
09.50 М/с «Пингвины Мадагаскара»
10.40 Х/ф «Семейка Адамс»
12.20 «Жұмбақ қыз» комедиясында
14.10 Кино
17.00 Х/ф «Капитан Марвел»
19.20 «Принц Персии: Пески Времени»
21.30 Х/ф «Вестсайдская история»
00.40 «31 әзіл» ойын-сауық
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
03.20 «What's up?» ойын-сауық
04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина
05.00 What's up?» ойын-сауық
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

КТК

07.05 «Әнім сен едің»
07.15 «Гүл сыйлайық анаға»
08.50 «Күә бол» или «Сулу бой жеткен»
10.30 Т/с «Столичная штука»
14.00 Т/с «Цвет страсти»
16.40 Т/с «Джамайка»
18.30 Т/с «Однажды в Чукурова»
21.00 Т/с «Без тебя»
23.00 Т/с «Морские дьяволы. Полярный конвой»
00.50 Т/с «Джамайка»
02.20 «Өкінбе сен»
05.20 «Әнім сен едің», ойын-сауық (қайталау)

7 КАНАЛ

06.02 «Шымкент шоу»
06.52 Т/х «Тастамашы, ана!»
09.40 Саулықтың сыры. Бағдарлама
10.00 «Жеті гүл» Көркем фильм
12.00 Х/ф «Праздник разбитых сердец»
14.00 «Жұмбақ қыз»
16.00 «ыстық ұя» Көркем фильм
18.00 Т/с «Черная любовь»
20.00 Т/с «Ветренный»
22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
23.40 «Жұмбақ қыз». Көркем фильм
01.30 «Тазалық уақыты». Реалити-шоу
02.20 Т/х «тек қана қыздар»
03.00 Гүл-гүл шоу
03.50 Жарқыраған жұлдыз
04.30 Жұлдызды шаңырақта
05.00 Япырай
05.20 Өсекшілер

ЖЕТИСУ

07.05 Фибрат
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.50 Жаңа конституция
10.10 «Угәгәй melody»
11.00 Жаңалықтар / Референдум-2026 / тікелей эфир
11.10 «Бір шәугім шай»
11.45 Д/ф «IT және Кәсіп»
12.00 Біздің толқын
12.40 Агроаймақ
13.00 Новости / Референдум-2026 / тікелей эфир
13.10 «Единый народ»
13.35 «Ұлт ұяты»
14.20 Агроаймақ
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «DARA LINE»
17.00 Жаңалықтар / Референдум-2026
17.10 «Жетісу жақұты»
17.30 Абадан

Сейсенбі - Вторник, 10 наурыз

ХАБАР

05.00, 23.00 Т/х «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 Жер-жаһан
09.10 «Хақың бар»
09.30, 19.30 Т/х «Шырмалган тагдыр»
11.30, 22.00 Т/х «Достық 13»
12.30 «ОйнаQ»
13.30 «Референдум 2026»
14.00 «Әлеумет»
14.20 Пульс планеты
14.30 МультТ/с «Турбозавры»
15.00 Т/с «Игра с тенью»
21.30 Жаңалықтар
19.00 Новости

ЕВРАЗИЯ

06.00 «П@утина»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.50 «Давай поженимся!»
12.45 Т/с «Счастливчик пашка»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
14.30 «Qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremix-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.30 Т/с «Невский. Проверка на прочность»
01.00 «Главные новости»
01.30 Т/с «Личная жизнь следователя Савельева»
03.45 «Поутина»
02.30 «Басты жаңалықтар»
03.00 «Koremix-шоу»

КТК

07.05 «Әнім сен едің», ойын-сауық
07.20 «Өкінбе сен»
10.10 Т/с «Морские дьяволы. Полярный конвой»
12.10 Т/с «Без тебя»
14.10 Т/с «Цвет страсти»
16.40 Т/с «Джамайка»
18.30 Т/с «Однажды в чукурова»
20.35 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «Без тебя»
23.40 Т/с «Пальцы»
01.40 Т/с «Джамайка»
03.10 «Өкінбе сен»
05.40 «Әнім сен едің», ойын-сауық (қайталау)
06.10 кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТИСУ

07.05 Фибрат
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңа конституция
10.20 К/ф «Төле би»
1-бөлім
11.00 Жаңалықтар / Референдум-2026 / тікелей эфир
11.10 «Дала сыры»
11.35 Д/ф «Паутина»
12.00 «Аман болайық» / тікелей эфир/
12.40 Агроаймақ
13.00 Новости / Референдум-2026 / тікелей эфир
13.10 «19 аймақ»
13.40 «Ұлт ұяты»
14.20 Агроаймақ
14.30 «Фибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 Заң жүзінде
16.00 Новости/прямой эфир
16.25 К/ф «Менің кумирім»
17.00 Жаңалықтар / Рефе-

рендум-2026
17.10 «Дала сыры»
17.30 Абадан
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Мақсатына жеткендер»
19.15 Новости / Референдум-2026
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
19.45 Жаңа конституция
20.05 Д/ф «Паутина»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Д/ф «Астана-Амман: жаңа мақсаттар»
21.15 Агроаймақ
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Аналар күні»
22.45 Жаңалықтар / Референдум-2026
23.00 Новости / Референдум-2026
23.10 «Әу» де»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Ризамын» ойын-сауық
07.00 «Күліп All» ойын-сауық
07.30 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 МультТ/с «Губка Боб»
10.20 МультТ/с «Пингвины Мадагаскара»
11.10 МультТ/с «Кунг-фу Панда»
12.00 Олжас Абай «Жеті гүл» комедиясында
14.00 Х/ф «Зубная Фея»
16.00 Х/ф «Дьявол носит Prada»
18.10 Х/ф «ЯМАКАСИ»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Х/ф «Торнадо»
23.00 Х/ф «Прямой контакт»
00.50 «Бозторғай»
01.20 «31 езіл» ойын-сауық
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
03.20 «What's up?» ойын-сауық
04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина
05.00 «What's up?» ойын-сауық
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

06.02 Әзілің жарасса
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
08.40 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
09.40 НУ, ПОГОДИ МультТ/с
10.00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК»
17.00 Т/с ХЮРРЕМ»
11.00, 20.00 Т/с «ВЕТРЕННЫЙ»
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
13.30 Худ. фильм «Хороший день»
15.40 Т/с «Императрица Ки»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Т/с «Черная любовь»
19.30 Новости
23.30 Т/х «Әмірші әйел»
00.30 «Тазалық уақыты». Реалити-шоу
01.30 Жаңалықтар
02.00 Новости
02.30 Т/х «Тек қана қыздар»
03.00 Гүл-гүл шоу
03.50 Жарқыраған жұлдыз
04.30 Жұлдызды шаңырақта
05.00 Япырай
05.30 Өсекшілер

Сәрсенбі - Среда, 11 наурыз

ХАБАР

05.00, 23.00 Т/х «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 Жер-жаһан
09.10 «Неосана»
09.30, 19.30 Т/х «Шырмалган тагдыр»
11.30, 22.00 Т/х «Достық 13»
12.30 «ОйнаQ»
13.30 «Референдум 2026»
14.00 «Неосеть»
14.30 МультТ/с «Турбозавры»
15.00 Т/с «Черная меса»
19.00 Новости
14.20 Пульс планеты
21.30 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Поутина»
07.00 «Қайырлы Таң, Қазақстан»
08.30 «Доброе Утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «Модный приговор»
11.50 «Давай поженимся!»
12.45 Т/с «Счастливчик пашка»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
14.30 «Qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremix-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.30 Т/с «Невский. Проверка на прочность»
01.00 «Главные новости»
01.30 Т/с «Личная жизнь следователя савельева»
02.30 «Басты жаңалықтар»
03.00 «Koremix-шоу»
03.45 «Поутина»

КТК

07.05 кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.25 «әнім сен едің», ойын-сауық
07.35 «өкінбе сен»
09.30 вечерние новости
10.10 Т/с «пальцы»
12.10 Т/с «без тебя»
14.10 Т/с «цвет страсти»
16.40 Т/с «джамайка»
18.30 Т/с «однажды в чукурова»
20.35 кешкі жаңалықтар
21.00 вечерние новости
21.40 Т/с «без тебя»
23.40 Т/с «пальцы»
01.40 Т/с «джамайка»
03.10 «өкінбе сен»,
04.50 «әнім сен едің», ойын-сауық
06.30 кешкі жаңалықтар

ЖЕТИСУ

07.05 Фибрат
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңа конституция
10.20 К/ф «Төле би»
2-бөлім
11.00 Жаңалықтар / Референдум-2026 / тікелей эфир
11.10 «Дала сыры»
11.45 Д/ф «Несібе»
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/
12.45 Агроаймақ
13.00 Новости / Референдум-2026 / тікелей эфир
13.10 «19 регион»
13.40 «Қылышсыз майдан»
14.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
14.45 Д/ф «Ұлттық паркер-ұлттық байлығымыз»
15.00 Жаңалықтар / тікелей эфир

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Ризамын» ойын-сауық
06.50 Информбюро (рус. каз.)
08.00 «31 әзіл» ойын-сауық
09.30 МультТ/с «Губка Боб»
11.00 МультТ/с «Пингвины Мадагаскара»
11.50 МультТ/с «Кунг-фу Панда»
12.40 Х/ф «Вестсайдская история»
15.40 Кино
17.50 Х/ф «близнецы-драконы»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Х/ф «Охотники за привидениями»
23.20 Х/ф «Ип ман и четыре царя»
01.00 «Бозторғай» Т/хсы
02.20 «31 әзіл» ойын-сауық
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
03.20 «What's up?» ойын-сауық
04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина
05.00 «What's up?» ойын-сауық
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

06.02, 01.30 Жаңалықтар
06.30, 02.00 Новости
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
08.40 Т/х «Зың-Зың Күлпәш»
09.40 Ну, Погоди! МультТ/с
10.00, 17.00 Т/с «Великолепный Век. Хюррем»
11.00, 20.00 Т/с «Ветренный»
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
13.30 Х/ф «Переверни страницу»
15.40 Т/с «Императрица ки»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Т/с «Черная любовь»
19.30 Новости
23.30 Т/х «Әмірші әйел»
00.30 «Тазалық уақыты». Реалити-шоу
02.30 Т/х «Тек қана қыздар»
03.00 Гүл-гүл шоу
03.30 Жарқыраған жұлдыз
04.20 Жұлдызды шаңырақта
05.00 Япырай
05.30 Өсекшілер

АУЫЗАШАР МЕРЕКЕГЕ АЙНАЛДЫ

СЫНАПТАЙ СЫРҒЫП ӨТІП ЖАТҚАН ЗЫМЫРАН УАҚЫТ АДАМЗАТТЫ БІР РАМАЗАННАН КЕЛЕСІ РАМАЗАНҒА ЗЫМЫРАТЫП ЖЕТКІЗУДЕ. ТІРІ АДАМНЫҢ БАРШАСЫ КУӘ БОЛАДЫ, МЕЙЛІ ОЛ ОРАЗА ҰСТАСЫН, МЕЙЛІ ҰСТАМАСЫН - МҰСЫЛМАННАН БАСҚА ДІНДЕГІЛЕР ДЕ БҰЛ КҮНТІЗБЕНІ КӨРІП, БІЛІП ОТЫРАДЫ. ЕШКІМ МӘЖБҮРЛЕМЕСЕ ДЕ, АЛА ТАҢНАН КЕШ БАТҚАНҒА ДЕЙІН АС ІШПЕЙ ЖҮРЕТІНДЕРГЕ ТАҢ ҚАЛАДЫ. АЙНАЛАСЫНДА ЕШКІМ ЖОҚ, БІРАҚ БІР ТАМШЫ СУ ТАТПАЙТЫНДАЙ НЕНІҢ, КІМНІҢ КҮШІ ЕКЕН ДЕП СЕНЕР СЕНБЕС БОЛАДЫ.

Әлеуметтік желіден көргеніміздей, сонау күйіп тұрған Африка жерінде бүйректері істен шығып жатқан әйел оразасын ұстап отыр. Ол да Алладан сый күтеді. Оразаның негізгі мәнін түсінбейтіндер де бар. «Бәлкім салмақ тастармын» дейтіндерді білеміз. Өзін-өзі сынап «сәресін ішпесем де шыдаймын» деп мақтанып жатады. Ораза біте сала «жуып», рас па, өтірік пе деп ішіп, тойлап жататындарды да көрдік.

Біреу айтады: «Сендер күндіз ішпегенмен, түнімен тамақ ішесіңдер» - дейді, әсте олай емес. Әдептен тыс сыпырып-жапырып ауқаттана алмайсың. Күрестің ең мықтысы өзіңді жеңу, яғни нәпсінді жеңу.

Ораза тек ашығу ма, кедей де, бай да, ауыз бекітпеген де ең болмаса сауап жасап қалуға ұмтылатын бір шара - ауызашар. Осындай ауызашарлардың да жаңа форматта өтетін түрлеріне куә болып жүрміз. «Дәстүрге жол» Жетісу облыстық қазақ аналарының бірлестігінің мүшелеріне ауызашар берілді. Оны берген - осы бірлестіктің бас кеңесшісі Гүлбаршын Сейтхалиева.

«Алтын» мейрамханасында өткен бұл шараға облыстың түпкір-түпкірінен қазыналы қарттар жиналды. Дүйсенбай, Сержан, Оспан ақсақалдар да төрден орын алып, бата - дұғаларын жасады. Құран оқылды. Жиналғандар Рамазанмен бірге жүретін қазақтың ауыз әдебиетінің бір саласына айналған «Жарапазан» әнінің түрлі нұсқасын пайдаланып жарысты. Бәріне сыйлықтар беріліп жатты. «Қартайғанда бір баласың» дегендей, «орамал тон болмайды, жол болады» десіп мез болысты. Жарапазанды біздің қандастарымыз жақсы игеріп, шашпай-төкпей елімізге алып келгенін көрсетті. Бізден гөрі Моңғолия, Қытай жерлерінде жақсы сақталған екен.

Кәдіржан:

Меккеде бір ағаш бар басы иілген,
Жапырағы сол ағаштың жерге тиген.
Осы үйде бір ағаш бар құдай сүйген,
Сауабы сол адамның елге тиген.

Әмина:

Меккеде бір ағаш бар іші қуыс,
Ораза намазыңмен ол да жұмыс.

көрсетіп жүрген, аудан-ауданнан келген төрайымдарды қошеметтер күтіп тұрған екен. Олар Көксу ауданынан Мариягүл Ибрагимова, Сарқаннан Есбала Сүдірбаева, Қаратал ауданынан Гүлнар Киікбаева, Ақсу ауданынан Бақыт Лаубаева, «Үйтас» шағын ауданынан Гүлбанұз Өшкен, Ескелді ауданынан Сәуле Мангенова.

Ауызашар қонақтары бір-бірін әспеттеп мәре-сәре болып жатқанда дәліз жақтан құлаққа жағымды ән сазы келе жатты:

Үйің-үйің үй екен,

Үйдің көркі ши екен...

Ақ сарайдай көрінген

Қандай байдың үйі екен?..

Сөйтіп ауызашар көркін қаламыздың бетке ұстар өнерпаздары, ұстаздар



Серікбол, Ерғали қыздыра түсті. Қырықтан сексенге дейінгі жастарына қарамаған ата-әжелер орындарынан атып тұрып бірге шырқап қарсы алды. Бұл - оразаға құрмет. «Дәстүрге жолдың» іздегені де осы.

Ораза ішіп-жеуден ғана емес, жаман сөйлеуден, жаман жерге барудан, жаман нәрсе есітуден, қолға ұстаудан, аяқпен басудан тиылатын ай. Ашуыңды ақылға жеңдіріп, сабырыңды ту етіп ұста дейтін ай. Осындай ойлар дәріптелді. Ораза біткен соң да сол қасиеттерді жоғалтпай



күшін салып, тыныштығымызды сақтап тұрған жоқ па? Осы тыныштықтан айырылып қалудан құдай сақтаса екен десіп жатты абыз аталар мен абзал аналар.

«Дәстүрге жол» бірлестігінде ақын да, әнші, биші де, он саусағынан өнер тамған ісмерлер де баршылық. Ерлер қанатындағы Дүйсенбай Өзенбаев та ағаштан түйін түйген шебер. Қаратал

дәрумен секілді.

Отырыс жомарттықтың айқын көрінісі еді. Гүлбаршын ханым келген қонақтың бәріне сый-кәдесін жасады. Абысын-ажынымен, отбасымен бірігіп, тік тұрып қызмет етті. Ақ түтек боранға қарамай алыс-жақыннан рухани азық алуға құстай ұшып келген қонақтарын да риза етті. Өзі де марқайып қайтты.

Кешке қатысушы аналарды Дүйсенбай, Сержан, Оспан ақсақалдар алда келе жатқан 8-наурыз күнімен құттықтап, отбасының түтінін түтетіп, ұрпағын өсіріп берген жұбайларының еңбектерін атап өтті. Ал, 1 Наурыз - алғыс айту күні осы кештің өн бойына аталды. Қоғамдық белсенділігін арттыра түскен, ой-санасын дамыта түсіп, жақсы қартаюға мұрындық болған, қарайып қалмай, қайта өмірге құштарлығын арттырып жатқан «Дәстүрге жол» бірлестігіне, оның республика бойынша басшылары Айнұр Жүгінісоваға, Зәмзағұл Мұқановаға алғыстарын жолдады. Біз де елең оқыдық.

«Жеттім-ау саған, Рамазан!»:

Он екі ай, күндер санағам,
Жеттім-ау саған, Рамазан!
Жігітін күткен қыз құсап,
Кетіргем сенанадан.
Он екі сағат аш жүріп,
Бойыма қаным тараған.
Тыпырлаған тұлпар рух,
Бәйге атындай жараған.
Қош келдің, сұлтан Рамазан!
Ғайбаттан тілім тиылған,
Жүрекке сәуле құйылған.
Пітірім менен садақам -
Сауаптарым ғой жиылған.
Миноптар, сағат жылжиды,
Сынаптай уақыт сырғиды.
Қалам-ау қанбай дәміне
Көрем бе тағы бұл күйді.
Қорғаған мені - оразам,
Қауыштым, шүкір, жан аман.
Қай бетіммен аштарға,
Шімірікпей қарағам.
Бір айға келген самбаздай,
Қайтасың тағы, Рамазан.
Көгерміз, қайта көрмеспіз,
Қол бұлғап қалар әр адам.
Миымды бастап көсемдей,
Тәрбие бердің әкемдей.
Анамдай жұмсақ қараған,
Кетесің сен де, Рамазан.
Өзімше мен де құлшынып,
Жасамақ болам құлшылық.
Мөлдіреп көзім тұрамын,
Сен қайтқанда күрсініп.
Отыз күн - сынақ ғашыққа,
Асықпа жаным, асықпа!
Жалт етіп келген жасындай,
Кетесің бізден қашыққа.
Сұраймын медет Алладан,
Сұраудан еш талмағам.
Қақпасын Раян ашқайсың
Сәтімде қорқып зарлаған.
Ораза қабыл болсын!

ОРАЗА

«Ас – адамның арқауы» десеңіз де, Қазы-қарта, жал-жая жесеңіз де, Оразада отыз күн тыйылыңыз, Тұрса да толып күрең шай кесеңізде. Сәре ішіп дұғамен таң атқанда, Жақсы сөйлеп, тәубе қыл Жаратқанға. Сөзіңе де абай боп, ой мен іске, Бас тартасың күндізгі тамақтан да. Қанша бабам бұл күнді аңсап еді? Тыйым көріп бір кездер шаршап еді... Тазарады іштен де, сырттан да елім, Дұға тілеп күнде іше таң сәрені. Үміт еткен мол сауап Тәубесінен, Рамазанның кетпес әр тағы есінен. Нығметінен сұхрдің құр қалмаңыз, Су болса да ауыз ти сәресінен Жер де, көк те шуағына бөлener, Рамазан ұлық мейрам еленер. Мұсылман жұрт сауабына кенелер! Кәлпе ауылынан келген Алмахан Шәкиева викторина сұрақтарын беріп, дәстүрдің түр-түрінен не білетіндерін пысықтады.

«Өмеңгерлік пен сүйек жаңғыртудың айырмашылығы мен ұқсастығы», «Сарысүйек құда», «Балдыз қалың», «Құрсақ шашу мен жарыс қазанның ұқсастығы мен айырмашылықтары» т.б. тақырыптарды әрдайым талқылап отырған аналардың өзі кәпелімде абыдырап та қалып жатты. Жас ұлғайған сайын адамның жадысы нашарлайды десе де, осындай деректерді қабылдау, талдау, пысықтау мидың жұмысына, адам жадысының сақталуына бірден-бір



Ораза намазыңды ұстай білсең,
Жаннәттан жеміс жейсің уыс-уыс.
Мәриягүл:
Айтумен жарапазан тойған бар ма,
Кәдесін бұрынғының қойған бар ма.
Кәдесін бұрынғының қойып кетіп,
Барғанда ақыретке оңған бар ма, –
деп жарыса шырқады.

РАМАЗАН - МЕЙІРІМ АЙЫ

Көршіңе, туысыңа, қиналғанға, тоңғанға қол созып, көмек берген дұрыс. Осындай істерде үнемі үлгі-өнеге

ұстауға не кедергі? Әлемді ислам мойындатарын сезген дін жаулары дәл осы Рамазан айында арандатып жатқан жоқ па? Қаншама мұсылман шәйіт болып жатыр.

Ораза-шипа. Қан қысымымен жыл он екі ай күресетін аналар осы ай бойы сол дерттен арылады екен. Ауру астан деген рас болса керек. Әлемде, тіпті өз елімізде, өз айналамызда іше тамаққа, кесе киімге, жатса жылы төсекке жарымай жүргендер аз ба деген әңгіме өрбіді. Дүниенің төрт бұрышын соғыс өрті шарпығалы тұрғандай алмағайып заманда ел басқарушы азаматтарымыз бар

БАҚЫТ БАЛАЛЫ ҮЙГЕ ҚОНАДЫ

Ұлы Отан соғысынан кейінгі санақта қазақстандағы қазақ ұлтының саны небары 3 миллионға жетер жетпес қана болса, 80-ші жылдардың соңына ала Қазақстандағы халықтың саны күрт көтеріліп, екі есеге артып, 6 миллионнан асты. Сол жылдары 5 баладан аз балалары бар отбасылары бірен-саран ғана болатын. Әйтпесе 7-10 балалы, 12-14 баласы бар отбасылар аз болған жоқ. Үкіметтің де балаларға көмегі жақсарды. Мектеп жасына жеткенше әр балаға ақшалай көмек берілді. Шуғанда бір рет берілетін қомақты көмегі және бар еді. Көп балалы отбасы балаларының мектеп жасындағыларына мектептен де жылына бір рет киім-кешек беріліп тұрды.

Бүгінгі біздің әңгімеміздің арқауы және қазіргі жастарға үлгі боларлық сол кездегі көпбалалы аналардың бірі, 9 баланың анасы сексен жастың сенгіріндегі асыл ана Нұртілеуова Рысхан Шайхидденқызы апамыз жайында болмақ. 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында 85 жастағы апамызды бір сергітіп, көңіліне қанат бітіріп серпілтіп қойсақ деген ниетпен Көксу ауданы Талапты ауылына барып қайтқан едік.

Рысхан апа 1941 жылы қаңтар айының 8 жұлдызында дүниеге келген. Ол кездегі орта білімнен төмен саналатын 7 сыныпты оқып бітірген. 1959 жылы Нұртілеуов Мұхамермен отбасын құрып, 40 жылдан астам уақыт бірге ғұмыр кешті. 1962 жылдардан бастап қазіргі Жетісу, бұрынғы Алматы облысы Киров (Көксу) ауданының Ленин атындағы совхозының мал шаруашылығында қой бағып еңбек етті. Малдың соңында

жазда жайлауда, қыста қыстауда көшіп-қонып жүріп 9 бала (7 ұл, 2 қыз) өсіріп ер жеткізіп, оқытып әрқайсысына жоғары білім алуға мүмкіндік жасап, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып Рысхан апай мен Мұхамер ақсақал екеуі 41 жыл жақсы өмір кешті.

Бүгінгі күні апамыздың 9 баласынан 23 немере, 12 шөбере өсіп-өнуде. Отағасының өмірден озғанына да 23 жыл уақыт өтіпті. Ол кісінің көзінің тірісінде - ақ балалары отбасылы болып немере, шөбере сүйіп үлгерді.

Көп баланы өсірген асыл ана, Тоқтамай жасың жетсін ғасырға да!



Рысхан апа

лып мінетін ер шабудың асқан шебері болды. Ол кісінің жасаған ері ешқашан ат арқасын жауыр еткен емес. Сол себепті сұраныс көп болатын.

быра жасап танымал болды. Қазір басқа кәсіппен айналысуда. Егер сұраныс туындаса домбыра аспабын өте шебер әрі үнді етіп жасайды.

Қалибек, Қазбек, Нұрбек атты ұлдары Көксу ауданындағы Талапты, Кенарал ауылдарындағы орта мектептерде, ал қыздары Гүлбақ Талдықорған қаласындағы Абай атындағы орта мектепте директордың орынбасары, Гүлжан Талдықорған қаласындағы арнаулы мектепте дефектолог мамандығы бойынша ұстаздық қызмет атқарады.

Ал Жапар мен Айдар ауылда жеке шаруа қожалығында. Рысхан апамен бірге тұрып жатқан ұлы Қазбек пен келіні Айгүл екеуі де Талапты орта мектебінде мұғалімдік қызмет атқара жүріп 85 жастағы анасын ренжітпей бағып қажетінше барлық жағдайын жасап отыр. Осындай келін, баланы кейінгі жастарға үлгі тұтуға әбден болады.

«Бақытты жоғарыдан іздесең әкенің қабағында, төменнен іздесең анаңның табанында, алдыңнан іздесең жарыңның жанарында, артыңнан іздесең ұл-қыздарыңның қадамында, айналаңнан іздесең ағайын-туыстың аманында» - деп айтқандай Нұртілеуовтар әулеті бақытты отбасылар қатарында.

Әрине, Рысхан ападай көпбалалы ана, Қазбек пен Айгүлдей жақсы келін Талапты ауылында біреу ғана емес. Күйеуі мен ененің ризашылығын алған келіннің қашанда бағы жанады. Сөз соңында айтарымыз қолдағы келін қартайған енесін асырап бақсын, анасының жасы - ғасырдан асын! - демекпіз.

Сембек ӘБДІ-РАХМАН, Көксу ауданының құрметті азаматы



Отағасы Мұхамер ақсақал қамшы өрімін балаға көрсетуде



ЖГУ-дің технология факультетінің оқытушысы Сапар Нұртілеуов

ПЕДАГОГТАР МЕН АҒАШ ШЕБЕРІ

Рысхан апаның 4 ұл, 2 қызы, 2 келіні педагогика саласында қызмет атқаруда. Қалғандары медицина, сауда, ауыл шаруашылығында еңбек етіп жүріп жатыр. Рысхан апа әдеттегідей қазақ аналарына тән үй шаруасымен айналыса жүріп ұлды да, қызды да толып жатқан үй тіршілігіндегі істерді атқаруға баулыды. Ал Мұхамер ақсақал мал бағып қана жүрмей, өзінің бойына біткен өнері ағаштан түйме түйетін, әрі өрімшілігі де жақсы дамыған шебер еді. Ағаштан жасалатын ыдыс-аяқ, келі-келсап, асатаяқ, күрек, ағаш қасық, астау сияқты бұйымдармен қатар атқа са-



Рысхан апаға қарап, көңілінен шығып отырған қолындағы баласы Қазбек пен келіні Айгүл



Ұлы Қалибек Кенарал орта мектебінде технология пәнінің мұғалімі

Жүген, ноқта, құйысқан, тартпа, өмілдірік, қамшы сияқты ат әбзелдерін өзі өріп, өзі пайдаланып жүретін. Содан болар ол кісіні ел ерші, өрімші деп те атап жүрді. “Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер” - деген сөз осындайдан болса керек.

Рысхан апаның балалары әкесінен көрген қолөнерді меңгеріп, ағаш бұйымдарын келістіріп жасай біледі. Өмірден озғанына бір жылдан асқан үлкен ұлы Сапар - Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің технология факультетінің оқытушысы болып көптеген шәкірттер тәрбиеледі. Қали атты ұлы кезінде дом-



Шеберханада Нұртілеуов Қали



Рысхан апа бала-шаға, немере, шөберелердің ортасында

Әйел бақыты неде?



Әйел бақыты неде? - десек, ол өте терең сұрақ. Өйткені әйелдің өзі жаратылысында өте терең адам. Әйел адам ер адамның қабырғасынан жаратылған деген тұжырым әйелдің орны ер адамнан кейін дегенді білдіріп тұрғанымен, «әйел – бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербете алады» - деп бекер айтылмаса керек. Әйел Жаратушының берген жеке қасиеті – ұрпақты дүниеге әкеліп, оны жеткізу ғана емес, ошақ басында жүрсе де отбасының шырайын келтіру сияқты ер адам жасай алмайтын қасиетке ие. Адам өмірінің сәнін де, мәнін де келтіретін жан. Әйелдің нәзік жаны не болса соған қиналады, не болса соған қуанады. Ол өсіп тұрған гүлден де күш алады. Солып қалған гүлге де ренжиді. Ерлерде ондай қасиет жоқ. Мен қай кезде өзімді бақытты сезінемін? Өзіл ретінде айтсам, күйеуім қолыма ақша ұстатқан

күн жас кезімде мен үшін ең бақытты сәт болып есептелетін. Ал қазір, барлық аналар сияқты менің де ең бақытты сәтім - балаларымның еңбегінің жемістерін көру, немерелерімнің жетістікке ұмтылғанына қуану, қызметте қол жеткен жеңістерге, қиындықтардан шыққан сәтімде өзімді бақытты сезінемін.

8 наурыз көктем мерекесі болғандықтан барлық әйел затына тілерім - көңілдің кірленбеуі, деннің саулығы, қоғамымыздың қол-жақты дамып, әйелдердің мемлекет тарапынан қолдау тауып, істері ерге басуына тілектеспін! Әр кезде өзін сыйлата білетін дәрежеде болыңыздар!


Баян ТАҒАТАРОВА



- Я счастлива, когда наступает весна! Потому что весна – это пробуждение и природы, и человеческой души!

Поздравляю всех с 8 марта! Пусть весна принесет тепло и много приятных сюрпризов! Пусть каждый день будет наполнен радостью, любовью и хорошим настроением!

Людмила АННЕНКО



Меніңше, бақыт деген – мына өмірге келгенің, бірде жылап, бірде күліп жүргенің. Өмірдің өзі – сынақ пен қуаныштың араласқан жолы. Күйбеңі көп тірліктің арасында әр күн тұрып, атқан таңды көрудің өзі – бір ғанибет.

Бақыт деген – басыңдағы баспанаң, өз үйіңнің жылуы. Жарың мен ұрпағың жанында болып, бар қызықты бірге бөлісу. Немере күлкісін естіп, бала-шағаның амандығын көру – одан асқан дәулет жоқ.

Бақыт деген – барға қанағат қылу. Құлшыныспен еңбек етіп, адалдықпен күн кешу.

Осы қысқа ғұмырда артта жаман ат қалдырмай, елге сыйлы болып өту – мен үшін нағыз бақыт сол.

Бақытты болыңыздар, құрметті арулар!

Зәуре ТАЧЕНОВА



Мен отбасыммен, ұрпағыммен бақыттымын! «Балаларды өсіріп жеткіздің, үйлендірдің, енді өзің үшін өмір сүрмейсің бе» - дейді жұрттың көбі. Ал, мен үшін ұрпақтарым өте маңызды. Оларда қиыншылық болса, мұңаямын, жарқырап жүрсе менен асқан бақытты адам жоқ! Әрдайым Алладан ұрпақтарымның амандығын, жолдарының ашықтығын, істерінің алға басқанын тілеп отырамын! Әрине, осыны әр ата-ана өз баласына тілейді ғой! Жан-жақтағы бауырларым, туған туыстарым аман болсыншы, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсыншы деп тілеймін!

Ал жалпы айтқанда, көктем келіп, құстар ән салғанын естігенде де бақытты сезінемін өзімді!

8 наурыз - жылдың ең аяулы, жарқын және тамаша күні! Құрметті арулар, шаңырақтарыңыз бен өмірлеріңіз жылулыққа толы болсын. Табиғаттың әсемдігі сарқылмайтын шабыт сыйласын. Көктем өмірлеріңіздегі өте қалаулы және әдемі оқиғаның бастамасын білдірсін! Мейрамдарыңызбен!

Гүлшат НҮСІПОВА



Әйел адам өзін қай кезде бақытты сезінеді? Әйел – өмірдің гүлі. Сондықтан, менің өзімді бақытты сезінетін кезім - бәйшешек гүл жарған көктем күндері. Әрине, төңірегімдегі туыстарым, анамыз, бауырларымыз, отбасым, бала-шағамыз, немерелеріміз аман жүрген кез мен үшін қуанышты сәттер.

Барша қыз-келіншектерді көктем мерекесімен құттықтаймын! Сүйіспеншілік, бақыт пен денсаулық тілеймін!




Нүргүл ҚУАНДЫҚОВА



Мое счастье - это моя семья и дети! Главное видеть, что они здоровы, чувствовать их любовь, знать, что у них всё хорошо, быть рядом и быть нужной! Семья для меня не просто часть жизни, а её центр. Самое ценное для меня - это улыбка, разговоры, успехи моих детей и просто, что они рядом!

С 8 Марта! Пусть в душе всегда цветёт весна, сердце будет наполнено любовью, а каждый день дарит радость, улыбки и приятные сюрпризы.

Айнаш БИЯХМЕТОВА



Көпшілік «әйел бақыты» дегенде ең алдымен отбасы мен бала-шағаны айтады. Әрине, ол – үлкен бақыт. Ал мен үшін, дәл қазіргі сәтте, әйел бақыты ең алдымен ата-анамның амандығы мен бауырларымың жаныма болуы. Олардың күліп жүргені – шынайы бақытым. Сонымен қатар, сүйікті жанымның сүйіктісі болу – жүрекке ерекше жылулық сыйлайтын сезім. Сені шын бағалайтын, қадірлейтін адамның жанында болу – әр ару үшін үлкен бақыттың бірі. Бұған қоса, өзің сүйетін іспен айналысу, жақсы көретін жұмысыңды жасап, қалаған дүниеге еш кедергісіз қол жеткізу де үлкен бақыт емес пе? Әйелдің көзі жанып, арманы асқақ болып, өз жолын табуы – оның ішкі қуанышының бастауы.

Жалпы нәзікжанды арулардың жадырап, жайнап жүруі, ішкі уайымның жоқ болып, жан тыныштығында өмір сүруі – шынайы бақыт. Нәзікжанды арулар бақытты болса, әлем де нұрлана түседі.

8 наурыз қарсаңында барша аруларды шын жүректен құттықтаймын! Әр күніңіз шуақты, көңілдеріңіз шат, жүздеріңізден күлкі кетпесін. Тек жақсылық, мол бақыт, шексіз сұлулық тілеймін!

Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ




Атым Бақыт болған соң мен бақытты болуым керек шығар... Ия, мен үшін ең бақытты сәт ата-анамның, бауырларымның, балаларым мен жан-жарымның менің қасыма жүргені. Балаларымның өкесімен қабақ шытыспай өмір сүргенім, екеуміздің арамыздағы орын алған жарасымды түсіністік арқасында өзімді бақытты әйел ретінде сезінемін. Аллам осыдан айырмасын. Әйел бақыты деген осы шығар...

Барлық әйелдер қауымын 8 наурыз мерекесімен құттықтаймын. Көңілдеріңіз көтеріңкі, күндеріңіз шуақты болып жүрсін.

Аман-есен жүріңдер, қуаныштан күліңдер, жігіттеріңнің үйдегі - қадірін әркез біліңдер!

Бақыт САТЫМБАЕВА




Әр қазақ үшін дастарханда туғандарымен мәз-мейрам, еңгіме – дүкен құрып отыру бақыт шығар. Денсаулығың мықты болса – ол да бақыт. Аспанымыз ашық, бейбіт өмір болса – ол да бақыт. Мен үшін сәбидің тәй-тәй басып жүргенін, былдырлап сөйлегенін қызықтау – ол да бақыт. Қыста таудан шанамен сырғанап, көктемде бәйшешек теру – ол да бақыт. Жақсы аадамдардың еңгіме-есіеттерін тыңдау - ол да бақыт. Қысқасы, маған өмірдің әр сәті қымбат және сол сәттерде мен өзімді бақытты сезінемін.

Көктем мерекесі әр шаңыраққа ашық аспанымен, мамыражай шуақты күндерімен келсін!

Осы көктем қыз-келіншектердің дастарханын майлы, көңілдерін жайлы, жүректерін мейірімге толтырсын!

Жанар АТИЕВА



МЕРЕКЕ МӘНІ - СЫЙЛЫҚТА МА, ӘЛДЕ КӨҢІЛДЕ МЕ?

КӨКТЕМ КЕЛІСІМЕН КӨҢІЛДЕ ЖАҢАРЫП, МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ-КҮЙ СЕЗІЛЕ БАСТАЙДЫ. ӘСІРЕСЕ ӘЙЕЛДЕР ҚАУЫМЫНА АРНАЛҒАН МЕЙРАМ ҚАРСАҢЫНДА ЕР АЗАМАТТАРДЫ БІР СҰРАҚ МАЗАЛАЙДЫ: «АНАМА, СҮЙІКТИМЕ, ҚЫЗЫМА ҚАНДАЙ СЫЙЛЫҚ ЖАСАСАМ ЕКЕН?» БІРІ ГҮЛ ШОҒЫН ТАҢДАСА, ЕНДІ БІРІ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМ НЕМЕСЕ ӘТІР АЛУДЫ ЖӨН КӨРЕДІ. АЛ ӘЙЕЛДЕР ШЫН МӘНІНДЕ НЕНІ ҚАЛАЙДЫ? СЫЙЛЫҚТЫҢ БАҒАСЫ МАҢЫЗДЫ МА, ӘЛДЕ КӨҢІЛ МЕ? ОСЫ САУАЛ ТӨҢІРЕГІНДЕ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА ЖЕДЕЛ СҰХБАТ ЖҮРГІЗДІК.



сыйдан гөрі, арманымның орындалғаны маңыздырақ. Мысалы, осы жолы шетелге шыққым келетінін, екеуіміз бірге жаңа эмоциялар сезініп, ұмытылмас сәттерді бастан өткергім келетінін ашық айтқанмын.

Сондықтан сыйлық таңдағанда ойланып аламын. Кейде мейрамханаға алдын ала орын алып, кеш ұйымдастырамын. Әйел адам өзін бағалайтыныныңды сезінуі керек, - дейді.

ӘЙЕЛДЕР НЕ ДЕЙДІ?

есептеймін.

Егер ер азаматтың табысы жақсы болса, неге сүйіктісін шынымен қуантатын, бағалы сыйлық жасамасқа? Бұл – еркіліктің не талапшылдықтың белгісі емес. Бұл – әйелдің өзін қадірлі, бағалы сезінгісі келетіні. Мерекеде тек символикалық гүл емес, шынайы бағаланғаныңды көрсететін сыйлық күтесің.

Әйел адам жыл бойы отбасының ұйытқысы болып, қолдау көрсетіп, бар күшін салады. Сондықтан мерекеде оған қымбат әрі мәні бар сыйлық жасалуы заңды деп ойлаймын. Биыл қандай тосынсыз боларын уақыт көрсетеді, - дейді.



Зейнеткер Қарлығаш апа (63 жаста) қарапайымдылықты қолдайды.

– Біздің кезімізде бір тал гүлдің өзі бақыт еді. Қазір де солай. Балаларым хабарласып, құттықтап жатса - сол ең үлкен сый. Қымбат дүниенің қажеті жоқ, амандық болса болды, - дейді ақ жаулықты ана.

19 жастағы студент Айдана үшін мереке - ерекше көңіл күйдің символы.

– Біз, студент қыздар, бұл күнді асыға күтеміз. Әдемі гүл шоқтары, алдын ала ұйымдастырылған тосынсыз, тіпті достармен мейрамханада отыру - бәрі мерекенің сенін келтіреді. Ең бастысы - шынайы ықылас. Қымбат сыйлық емес, күтпеген қуаныш маңызды, - дейді ол.

37 жастағы Ақмарал:

Менің тұрмыс құрғаныма қаншама жыл болды. Өкінішке қарай, мереке күндері күйеуімнен ерекше сыйлық алып көрмеппін. Ол күндер бізде қарапайым күн сияқты өте шығады. Әрине, әлеуметтік желіде немесе таныстарымның өмірінде күйеулерінің гүл сыйлап, тосынсыз жасап жатқанын көргенде қызығасың. Әйел болған соң, көңіл бөлінгенін, романтиканы қалайсың.

Кейде ойлаймын: қыздар тұрмысқа шығарда жігітінің романтик екенін, көңіл бөлуді білетінін байқап алу керек шығар. Себебі мінез бен қарым-қатынас мәдениеті уақыт өте келе қатты өзгермейді екен.

Жас ана Мадина (30 жаста) мерекенің нәзіктікпен астасатынын айтады.

– Күнделікті тұрмысқа қажет заттарды кез келген уақытта алуға болады. Ал мереке - әйел өзін ерекше сезінетін күн. Гүл, әтір, әшекей бұйым - көңілді көтеретін сыйлықтар. Бір күнге болса да үй тірлігінен демалып, өзіңе уақыт бөлсең – одан асқан сый жоқ, - дейді.

41 жастағы мұғалім Айнұр уақыт өте келе көзқарастың өзгеретінін жеткізді.

– Жас кезде тосынсыз күтесің. Ал қазір отбасының амандығы бірінші орында. Дегенмен мереке күні жылы сөз айтып, құрмет көрсету - әр әйел үшін маңызды. Кейде бір ауыз алғыс сөздің өзі жетіп жатыр, - дейді ұстаз.

27 жастағы кәсіпкер Гүлмира үшін әсер мен эмоция қымбат.

– Мен үшін мерекеде жай ғана гүл алу жеткіліксіз. Гүлді күйеуім себепсіз

Мен үшін ең бағалы сыйлық – бірге өткізілген сапалы уақыт пен жаңа әсерлер. Басқа елді көру, жаңа мәдениетпен танысу, екеуімізге ортақ естеліктер жинау дегендей. Сондықтан мерекеге сыйлықты соған қарай жасайды деп үміттенемін.

Қарым-қатынаста ашық айту ұят емес деп ойлаймын. Керісінше, бұл – бір-бірімізді дұрыс түсінудің жолы. Енді мерекеде арманым орындала ма, жоқ па – соны күтіп жүрмін, - дейді ару.

Ал енді «Сіз мереке күні қандай сыйлық жасайсыз және әйелдер нені қалайды деп ойлайсыз?» деген сұрақпен ер азаматтардың ойын білмек болып, оларға да сауал қойдық.

ЕРЛЕРДІҢ ПІКІРІ ҚАНДАЙ?

Ержан (18 жаста, студент):

– Шынымды айтсам, көбіне гүл мен клубника в шоколаде аламын. Өйткені қыздарға соның өзі ұнайды деп ойлаймын. Бірақ кейде не сыйларымды білмей қиналамын. Қыздардың өзі ашық айтса жақсы болар еді, - дейді.

Бауыржан (35 жаста):

– Меніңше, әйелдер ең алдымен көңіл күтеді. Гүл міндетті түрде болуы керек. Одан бөлек, жұбайым жақсы көретін әтір немесе шағын әшекей аламын. Бірақ бастысы - сол күні бірге уақыт өткізу, - дейді.

Нұрсұлтан (28 жаста):

– Қазір әйелдер өте талғампаз.

Ал 50 жастағы мемлекеттік қызметкер Қайрат мырза:

– Біздің жас кезімізде аса қатты таңдау болмады. Гүл алып, мерекемен құттықтайтынбыз. Қазір мүмкіндік көп. Нәзік жандылардың жүрегіне жол табу үшін қымбат сыйлықтың қажеті жоқ. Сыйлықтан бұрын құрмет керек, - деп пікір білдірді.

Сауалнама барысында байқалғаны - әйелдердің қалауы жас ерекшелігіне қарай өзгергенімен, барлығының ортақ пікірі бар: ең маңыздысы - көңіл бөлу мен құрмет.

Жас қыздар романтика мен тосынсызды қалайды. Ал орта жастағы әйелдер үшін түсіністік пен қолдау маңызды. Үлкен буын болса қарапайымдылық пен амандықты алға қояды. Ер азаматтар да мұны іштей түсінеді. Алайда кейде сыйлық таңдауда қиналатынын жасырмайды.

Қазіргі қоғамда әлеуметтік желінің де әсері бар. Әдемі гүл шоқтары, қымбат сыйлықтар, тосынсыз ұйымдастырған видеолар көпшіліктің көз алдында. Бұл да ер азаматтарға белгілі бір деңгейде қысым тудыруы мүмкін. Бірақ сұхбаттасқан әйелдердің ешқайсысы «міндетті түрде қымбат сыйлық керек» деп ашық айтпады.

Жедел сұхбат соңында студент ретінде өз ойымды да білдіргім келеді. Меніңше, мереке – жарыс емес. Біреудің сыйлығына қарап, өзгенікімен салыстыру дұрыс емес. Әйел адам ең алдымен өзін қадірлі, бағалы сезінгісі келеді. Кейде бір шоқ гүл, жылы сөз немесе алдын ала ұйымдастырылған шағын кештің өзі үлкен қуаныш сыйлайды.

Біз бұл күнді ерекше асыға күтеміз. Әдемі гүл шоқтары, алдын ала ұйымдастырылған мейрамханадағы кеш, тосынсыздар - бәрі көңілге қуаныш сыйлайды. Бірақ ең бастысы - шынайылық. Жасанды әсер емес, жүректен шыққан ықылас маңызды.

Сонымен, ерлер не сыйлайды? Көбіне гүл, әтір, әшекей, тәтті немесе мейрамханадағы кеш. Ал әйелдер не қалайды? Олар – көңіл, құрмет, түсіністік, бірге өткізілген уақытты қалайды.

Сыйлықтың бағасы емес, ықыластың шынайылығы бағаланады. Мереке - бір күндік қуаныш қана емес, қарым-қатынасты нығайтатын мүмкіндік. Сондықтан әрбір ер азамат сыйлық таңдағанда ең алдымен әйелдің жан дүниесін түсінуге тырысқаны жөн.

Өйткені әйелге кейде қымбат зат емес, жүректен шыққан қарапайым сөз де жетіп жатыр.

Дария ТАСҚЫНҚЫЗЫ

ЖУ студенті

23 жасар Аружан:

– Мен мерекеде қандай сыйлық алғым келетінін жігітіме алдын ала айтып қоямын. Себебі мен үшін тосын-



де сыйлай береді. Ал мереке – жылына бір келетін ерекше күн. Сондықтан бұл күні жасалатын сыйлық та ерекше, есте қаларлық, қымбат бағалы болуы керек деп

Бейсенбі - Четверг, 12 наурыз

ХАБАР

05.00, 23.00 Т/х «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 Жер-жаһан
09.10 «Біздің назарда»
09.30, 19.30 Т/х «Шырмалған тағдыр»
11.30, 22.00 Т/х «Достық 13»
12.30 «Ойна»
13.30 «Референдум 2026»
14.00 «Культурный контекст»
14.20 Пульс планеты
14.30 Мульт/с «Турбозавры»
15.00 Т/с «Кукольный домик»
19.00 Новости
21.30 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»

10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.50 «Давай поженимся!»
12.45 Т/с «Счастливчик Пашка»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
14.30 qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 Kogemiz-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.30 Т/с «Невский. проверка на прочность»
01.00 «Главные новости»
01.30 Т/с «Личная жизнь следовате ля Савельева»
02.30 «Басты жаңалықтар»
03.00 «Kogemiz-шоу»
03.45 «Паутина»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.25 «Әнім сен едің»
07.35 «Әкінбе сен»
09.30 Вечерние новости
10.10 Т/с «Пальцы»
12.10 Т/с «Без тебя»
14.10 Т/с «Цвет страсти»
16.40 Т/с «джамайка»
18.30 Т/с «Однажды в Чукурова»
20.35 кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «Без тебя»
23.40 Т/с «Пальцы»
01.40 Т/с «Джамайка»
03.10 «Әкінбе сен»
04.50 «Әнім сен едің», ойын-сауық
06.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТИСУ

07.05 Фибрат
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңа конституция
10.20 К/ф «Төле би» 3-бөлім
11.00 Жаңалықтар / Референдум-2026 / тікелей эфир
11.10 Д/ф «Президент архиві»
11.30 Новости / Референдум-2026 / тікелей эфир
11.40 «Дала сыры»
12.00 «Келін BATTLE» /тікелей эфир/
14.20 «19 аймақ»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
15.20 «Агро аймақ»

Жексенбі - Воскресенье, 15 наурыз

ХАБАР

05.00,23.15 Телехикая «Фатмагүл»
07.00 «Алғашқы»
08.00,12.00,16.00,19.00 Жаңалықтар
08.10,12.15,16.20,19.30 Новости
08.20 Концерт «Мен»
10.25 М/ф «Пингвиненок Пороро.приключение в замке дракона»
11.25 М/с «Царевна и дракон.Магическая книга»
12.30 Худ.фильм «Точко обстрела»
14.00 «Өмір өнегі»
15.15 Телехикая «Келінжан-5»
14.30,16.40 Т/х «Келінжан-6»
20.00 «Қызық times»
21.15 Худ.фильм «Эволюция»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.35 «Паутина»
07.00 Сериял «Цепляясь за лед»
08.00 «Асау жаңалықтар»
08.30 «Заң мен ел»
09.00 Т/х«Раушан мен Саша»
15.45 Худ.фильм «Полцарства за любовь»
18.10 Худ.фильм «Вишенка на торте»
20.00 Аналитика
20.50 «Анықтаймыз.Руслан Өтепбаймен»
21.40 Сериял «За день до 2»
01.40 Сериял «Цепляясь за лед»

Жұма - Пятница, 13 наурыз

ХАБАР

05.00,23.00 Т/х «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 Жер жаһан
09.10 «Арнайы репортаж»
09.30,19.30 Т/х «Шырмалаған тағдыр»
11.30 Т/х «Достық 13»
12.30 «ОйнаIQ»
13.30 «Референдум 2026»
14.00 «Нородный контроль»
14.20 Пульс планеты
14.30 М/с «Турвзавры»
14.50 М/с «Царевна и дракон. Магическая книга»
15.00 Сериял «Черная вдова»
19.00 Новсти
21.30 Жаңалықтар
22.00 «Қоғам пікірі» саяси ток-шоуы

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.30 «Паутина»
07.00 «Қайырлы таң. Қазақстан»
08.30 «Доброе утро.Казахстан»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.50 «Давай поженимся»
12.45 Сериял «Счастливчик Пашка»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
14.30«Qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00,02.45 «Kogemiz-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Галамент Online»
20.55 «Поле чудес»
22.10 X\ф«Я иду тебя искать-9»
02.00 Сериял «Аликон»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.25 «Әнім сен едің»
07.35 «Әкінбе сен» өзбек т\х.
09.30 Вечерние новости
10.10 Серил «Пальцы»
12.10 Серилл «Без тебя»
14.10 Серилл «Цвет старости»
16.40 Серилл «Джамайка»
18.30 Серилл «Однажды в Чукурова»
20.35 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Серилл «Верю я в любовьУ самого моря»
01.40 Серилл «Джамайка»
03.00 «Әкінбе сен» өзбек т\х. (қайталау)
04.40 «Әнім сен едің» (қайталау)
06.10 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТИСУ

07.05 Фибрат
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңа конституция
10.20 К/ф «Төле би» 4-бөлім
11.00 Жаңалықтар / Референдум-2026 / тікелей эфир
11.10 «Дала сыры»
11.35 Д/ф «Ғалымның хаты»
12.00 «Әу» де»

КТК

07.05 «Ауырмайды Жүрек» Олжас Отар өн кеші
07.35 Өзбек т\х «Әкінбе сен»
10.30 Серилл «Училка»
14.00 Серилл «Однажды в Чукурова»
18.30 «Алдараспан»
20.35 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Серилл «Тот мужчина та женщина»
01.30 «Было дело»
02.00 «Путь к себе.Нурлан Коянбаев»
02.50 Ө\ф «Мені кешір»
03.50 «Алдараспан»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 «Апта» (қаз)
10.00 «Апта» (рус)

12.45 Агроаймақ
13.00 Новости / Референдум-2026 / тікелей эфир
13.10 «19 регион»
13.40 «DARA LINE»
14.30 «Таза мекен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Қожайынның балалары»
17.00 Жаңалықтар / Референдум-2026
17.10 «Бір шәугім шай»
17.30 Абадан
18.00 Біздің толқын
18.45 Новости / Референдум-2026
19.00 «Жетісу жақұты»
19.35 «102» сообщает»
19.50 Жаңа конституция
20.05 Д/ф «Ғалымның хаты»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Д/ф «Сеть ненависти»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Келін BATTLE»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30, 05.20 «Ризамын»
07.00,20.00 Информбюро (рус, каз)
08.00,02.00 «31 әзіл»
09.30 М/с «Губка Боб»
10.40 М/с «Пингвины Мадагаскара»
11.30 М/с «Кунг-фу панда»
12.20 Ф\ф «Мой сосед прищельец»
15.30 Худ.фильм «Шанхайский полдень»
17.40 Худ.фильм «Шанхайские рыцари»
21.00 Худ.фильм «День независимости:возрождение»
23.10 Худ.фильм «Морпех»
01.00 «Бозторғай» Телехикая
02.40 «Time Vine»
03.00 «Tik Tok show»
03.20,05.00 «What s up»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина «BALA BATLLE»

7 КАНАЛ

06.02,01.30 Жаңалықтар
06.30,02.00 Новости
07.00,22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
08.40 Т/х «Зың-зың Күлпаш»
09.40 М/с «Ну Погоди»
10.00,17.00 Серилл «Великолепный век. Хюрем»
11.00,20.00 Серилл «Ветренный»
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
13.30 Худ.фильм «Нашедшего ждет вознаграждение»
15.40 Серилл «Императрица Ки»
18.00 Жаңалықтар. Тікелей эфир
18.30 Серилл «Черная любовь»
19.30 Новости. Прямой эфир
23.30 Т/х «Өмірші әйел»
00.30 «Тазалық уақыты»
02.30 Т/х «Тек қана қыздар»
03.00 Гүл гүл шоу
03.50 Жарқыраған жұлдыз
04.30 Жұлдызды шаңырақта
05.00 Япырай
05.30 Өсекшілер

11.00 «Шашу»
11.40 Фибрат
12.00 «DARA LINE»
12.45 «Әсем әуен»
13.40 «Дала сыры»
14.00 «Келін BATTLE»
16.20 «Әсем әуен»
16.40 Фибрат
17.00 «Шашу»
17.40 Абадан
18.00 «Единый народ»
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Мейірімсіз ұл»
20.00 «Бір шәугім шай»
20.35 «Әсем әуен»
21.00 «Үгәгей melody»
22.00 «Алматы әуендері шақырады» концерті

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Күліп All»
07.30 «Тәтті шоу»

Сенбі - Суббота, 14 наурыз

ХАБАР

05.00,00.00 Т/х «Фатмагүл»
07.00 «Алғашқы»
08.00 Концерт «Биле»
10.00 М/ф «Облачно-2. Месть гмо»
11.35 М/ф «Царевна и дракон»
12.00 Худ.фильм «Эволюция»
14.00 «Жекпе-жек айтыс»
15.30 «Қызық times»
16.45 Т/х «Келінжан-6»
17.45 Телехикая «Достық-13»
19.00 «7 күн»
19.40 Жұмыр жер
20.00 Cover show
22.00 Худ.фильм «Точка обстрела»

ЕВРАЗИЯ

06.00,02.35 «Паутина»
07.00 Сериял «Цепляяс за лед»
09.00 «Союзмультфильм»
09.50 «Поехали»
10.50 М/ф «Я иду тебя искать-9».
15.00 «QOSLIKE»
17.45 Худ.фильм «Полцарства за любовь»
20.00 «Асау жаңалықтар»
20.35 «Заң мен ел»
21.00 «Анықтаймыз Руслан Өтепбаймен»
21.45 Серилл «За день до»
02.35 Сериял «Аликон»

КТК

07.05, 06.20 «Әнім сен едің»
07.30 «Әкінбе сен» өзбек т\х
09.30 Вечерние новости
10.20 Серилл «У самого моря»
14.00 Серилл «Однажды в Чукурова»
18.30 «Ауырмайды жүрек» Олжас Отардың өн-кеші
21.00 Серилл «Училка»
00.30 Серилл «У самого моря»
04.10 «Тікбақай келін» Ө\ф
05.400 «Қарапайым Ханшайым» докудрама

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Фибрат
09.30 «Дала сыры»
10.00 «Әсем әуен»
10.20 К/ф «Төле би»
5-бөлім
11.00 «Әсем әуен»
11.40 Фибрат

08.00 М/с«Губка боб»
08.30 М/с «Пингвины Мадагаскара»
09.20 «Готовим с Адель»
10.00 «TeleBingo»
10.30,01.00 «New me»
11.00 «Саумал»
11.20,03.00 «TikTok show»
11.30 Худ.фильм «Младенец на прогулке»
13.30 М/ф «В пойсках Немо»
15.30 Худ.фильм «Живая»
18.10 Худ.фильм «Железный человек»
20.40 Худ.фильм «После завтра»
23.10 Худ.фильм «Операция «Алтын адам»
01.30 «31-Әзіл»
03.30 «Тамаша vine»
03.50 «1001 Әзіл»
04.00 «BALA BATLLE»
04.30 «What's up?»
05.30 «Ризамын»

12.00 К/ф «Ұстаз»
14.00 «Жетісу жақұты»
14.35 Фибрат
15.00 «Аман болайық»
15.40 «Әсем әуен»
16.40 Фибрат
17.00 «Шашу»
17.40 Абадан
18.00 «Әсем әуен»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.35 «Барыңды бағала»
20.00 «Дала сыры»
20.30 «Апта»
21.30 «Апта»
22.30 Дәурен Оқаповтың концерті

31 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Әзіл студио»
07.00 «Күліп All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.00 М/с «Губка Боб»
09.00 М/с «Кунг-фу панда»
10.00 К/П «Готовим с Адель»
10.40,11.20 «Шаншар»
11.00 «Саумал»
12.30 Худ.фильм «Операция «Алтын адам»
14.10 Худ.фильм «Младенец на прогулке»
16.10 М/ф «В пойсках Немо»
18.10 Худ.филь «Живая сталь»
20.40 Худ.фильм «Железный человек»
23.10 Худ.фильм «Красная жара»
01.20 «Bizdin show»
02.40 «31 әзіл» ойын-сауық
03.30 «Тамаша line»
05.00 «1001 Әзіл»
05.10 Т\в «BALA BATLLE»
05.30 «What's up?»

7 КАНАЛ

06.02 Алдараспан
07.00,22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
08.30 М/с «Ну Погоди»
09.00 Серилл «Қарадайы. Бесценное правда»
13.00 «Шымкент шоу»
13.30 Комедия«Qazaq alemi»
15.10 Худ.фильм «По семейным обстоятельствам»
18.00 Серилл «Черная любовь»
20.00 Серилл «Ветренный»
23.30 Худ.фильм«Давай сынок»
01.40 Гүл гүл шоу
02.40 Жарқыраған жұлдыз
03.40 Жұлдызды шаңырақта
04.40 Т/х «Өсекшілер»

7 КАНАЛ

06.02 Алдараспан
07.00,10.00,13.00,19.30 Жаңалықтар.Новости.Реферндум2026
07.30,22.00 Т/х«Үзілген жапырақтар»
09.00,10.15 Серилл «Қардайм.Бесценная правда»
11.15 «Qazaq alemi»
13.30 Шымкент шоу
15.30 Худ.фильм «Давай сынок»
18.00 Серилл «Черная любовь»
20.00 Серилл «Ветренный»
23.00 «Таңдау түні:Referendum Night ».
Спецвыпуск.Прямой эфир
00.10 «Интуиция»
02.20 Гүл гүл шоу
03.20 Жарқыраған жұлдыз
04.10 Жұлдызды шаңырақта
05.00 Т/х «Өсекшілер»

КІТАП ОҚЫМАЙТЫН ҚОҒАМНЫҢ КЕЛЕШЕГІ ҚАНДАЙ?

КІТАП ПЕН ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ – ЖАН АЗЫҒЫ, АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ. ҰЛТТЫҢ ОЙ-САНАСЫ МЕН ДҮНИЕТАНЫМЫ ЕҢ АЛДЫМЕН ОҚУҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСПЕН ӨЛШЕНЕДІ. «БІР АДАМ КІТАП ОҚЫМАСА – ОНЫҢ ЖЕКЕ ҚАЙҒЫСЫ, АЛ БІР ҰЛТ КІТАП ОҚЫМАСА – ОЛ ҰЛТТЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ» ДЕГЕН СӨЗДІҢ АСТАРЫНДА ҮЛКЕН МӘН ЖАТЫР. СЕБЕБІ КІТАПТАН АЛЫСТАҒАН ҚОҒАМ РУХАНИ ӨЛСІРЕЙДІ.



Бүгінгі күні ақпарат ағыны толассыз. Интернет желісі, әлеуметтік желілер, түрлі мобильді қосымшалар – барлығы да адамның назарын өзіне аударуда. Қазір баладан бастап қартқа дейін ұялы телефонға үңілген заман. Алайда жедел әрі үстірт ақпарат терең білімнің орнын баса алмайды. Кітапқа тән байыппен оқу, саралау, ой елегінен өткізу мәдениеті біртіндеп әлсіреп барады.

Кеңес кезеңінде кітап оқу мәдениеті жүйелі түрде қалыптастырылды. Кітапханалар халыққа толы болды, көркем әдебиетке сұраныс жоғары еді. Соның нәтижесінде қоғамның сөздік қоры бай, ойлау деңгейі биік

болды. Ал қазіргі кезеңде бұл үрдіс үзіліп қалды. Сонда не істемек керек, деген сұраққа жауап ізделуі қажет. Ең алдымен, кітап қорын заман талабына сай жаңарту қажет. Оқырманға тек пәндік әдебиеттер ғана емес, көркем, тағылымдық, эстетикалық мәні жоғары шығармалар ұсынылуы тиіс. Сонымен қатар, жастарды іскерлікке, ізденіске жетелейтін танымдық кітаптарды көбейту маңызды.

Кітап оқу мәдениетін қалыптастыруда білім беру ұйымдары мен кітапханалардың рөлі ерекше. Өсіресе, оқушыларға басымдық берген жөн. «Құс дұрыс қанаттанса, түзу әрі биік ұшады» демекші, жас ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын арттыру – болашаққа салынған инвестиция. Мектепте және кітапханаларда ұйымдастырылатын түрлі кітап көрмелері, оқу клубтары, әдеби кештер оқушыларды кітапқа жақындатып, олардың ойлау мәдениетін қалыптастырады.

Ғұламалар «Адам рухани дамуын тоқтатқан күні өледі» дейді. Расында да, өзін жетілдірмеген, ізденбеген адам рухани тоқырауға ұшырайды. Ал рухани әлсіз қоғам – бәсекеге қабілетсіз қоғам. Сондықтан кітап пен баспасөзді өміріміздің ажырамас бөлігіне айналдыру – уақыт талабы. Оқитын ұлт қана озық болады. Рухани кемелдену – жарқын болашақтың кепілі.

**Жаухаз СҰЛТАНБЕКОВА,
Жетісу облысының С.Сейфуллин
атындағы орталық кітапханасының
кітапханалардың дамуы және
қоғаммен байланыс бөлімінің
әдіскері**

ДУБАЙДА ЗЫМЫРАН ТҮСКЕН ҮЙДЕН ЭКС-ШЕНЕУНИКТЕРГЕ ТИЕСІЛІ 97 ПӘТЕР АНЫҚТАЛДЫ

ДУБАЙДАҒЫ ИРАН ЗЫМЫРАНЫ ТҮСКЕН FAIRMONT THE PALM РЕЗИДЕНЦИЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ТҰРАТЫНЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ БЕЛГІЛІ ЖУРНАЛИСТ МАНАС ҚАЙЫРТАЙ ЖЕЛІДЕГІ ПАРАҚШАСЫНДА ХАБАРЛАДЫ, ДЕП ЖАЗАДЫ ALASH.KZ ҰЛТТЫҚ ПОРТАЛЫ.

Журналистің мәліметінше, Fairmont The Palm резиденциясында қазақ байларына тиесілі 97 пәтер анықталды.

«Иран АҚШ пен Израильдің шабуылына қарымта соққы жасау үшін Парсы шығанағындағы америкалық әскери базаларға зымыран, дрон ұшырған. Соның бірі Дубайдағы Fairmont The Palm резиденциясына түскен. Бір бөлігі қонақ үй, тағы екі ғимараты тұрғын үй.

C4ADS ұйымының 2022 жылғы дерегі бойынша бұл резиденциядан қазақстандықтар 97 пәтер алған. Олардың кейбірі бұрын билікте лауазымды қызмет атқарғандардың туыстары» - деп жазды журналист.

Журналист Fairmont The Palm резиденциясынан үй алған қазақтардың тізімін жариялады: Бағда Баталова (экс-әкім Амандық Баталовтың әйелі), Мирас Маами (Жоғарғы соттың бұрынғы төрағасы Қайрат Мәмидің ұлы), Лейла Адайбекова (Берік Имашевтің әйелі), Елжан Имашев (Берік Имашевтің ұлы), Николай Родостовец (Экс-министр) т. б.



АЛҒЫС АДАМДЫҚТЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір-бірімен үйлесімді қарым-қатынас жасай білуге үйрету мақсатында 2026 жылдың ақпан айының 25-ші жұлдызында қалалық орталық балалар кітапханасында төменгі сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінде Талдықорған қаласының облыстық № 2 арнайы мектеп интернатының оқушыларымен «Алғыс – адамдықтың алтын арқауы» атты ойын сессиясы ұйымдастырылды.

Кітапханашы Л.Дайрабаева оқырмандарға «Алғыс айту күні» ұғымының мағынасын ашып, балаларға бұл ұғымдардың әрқайсысы мәдени құндылықтары мен адами қарым-қатынастарының дамуы үшін маңызды екенін түсіндіріп өтті. Шара барысында оқушыларға ЖИ негізінде дайындалған «Алғыс айту күнінің шығу тарихы», «Мың алғыс!» видеолары көрсетіліп, «Угадай сказку», «Қайсысы мен...» атты ойындар ойнатылды. Оқушылар кітапхана ұжымына жылы лебіздерін білдірді.

БУДУЩИЙ СПЕЦИАЛИСТ СВОЕГО ДЕЛА: СТАНОВЛЕНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗА СОВРЕМЕННОГО ПЕДАГОГА

В современном мире именно педагог формирует ценности, мышление и уверенность нового поколения. «Zhansugurov College» — это не просто учебное заведение, а пространство профессионального становления, творчества и личностного роста. Здесь закладывается фундамент карьеры тех, кто выбирает одну из самых важных и уважаемых профессий — профессию педагога.

Одним из ключевых преимуществ нашего колледжа является раннее и системное погружение в профессию.

С первого курса студенты:

- проходят учебную и производственную практику;
- участвуют в работе школ и дошкольных учреждений;
- разрабатывают и реализуют образовательные проекты;
- организуют внеклассные мероприятия и социальные инициативы.

Партнерские отношения с образовательными организациями региона позволяют будущим педагогам формировать уверенность, профессиональную гибкость и навыки коммуникации с детьми, родителями и коллегами.

Колледж активно участвует в движении профессионального мастерства, включая чемпионаты по стандартам WorldSkills.

Участие в конкурсах: повышает мотивацию студентов;

- формирует конкурентоспособность;
- позволяет продемонстрировать высокий уровень подготовки;
- укрепляет престиж педагогической профессии.

Студенты становятся победителями и призерами региональных и федеральных этапов, подтверждая качество образовательной программы.

«Zhansugurov College» — это не толь-

ко обучение, но и активная студенческая жизнь.

Здесь работают:

- волонтерские объединения;
- творческие студии;
- научные кружки;
- студенческое самоуправление.

Формируются лидерские качества, навыки публичных выступлений, умение работать в команде. Колледж воспитывает не только профессионалов, но и социально ответственных граждан.

Выпускники нашего колледжа востребованы:

- в общеобразовательных школах;
- дошкольных учреждениях;
- центрах дополнительного образования;
- социальных и реабилитационных центрах.

Многие продолжают обучение в профильных вузах, получая высшее образование. Работодатели отмечают их готовность к реальной педагогической практике, адаптивность и высокий уровень профессиональной культуры.

«Zhansugurov College» — это образовательная экосистема, где формируются специалисты нового поколения: инициативные, компетентные, открытые инновациям и готовые к постоянному профессиональному росту.

Выбор нашего колледжа — это выбор профессии, которая имеет глубокий социальный смысл. Это путь к стабильной карьере, уважению в обществе и возможности ежедневно влиять на судьбы людей.

Здесь начинается путь педагога — человека, который создает будущее.

Преподаватели «Zhansugurov College»:

**Р.Б. Айнакузева,
К.М. Макеева,
М.С. Корабаева**

ЗАҢДЫ БІЛМЕУ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БОСАТПАЙДЫ

Өмірге келгеннен кейін отбасын құру, бала сүю, оларды шама-шарқынша тәрбиелеу – қоғамның әрбір азаматы мен азаматшасының адами парызы болып саналады. Ұрпақ мәселесі қай кезде де ең басты, ең өзекті мәселелердің бірі болып есептелген.

Алайда өз парызы мен міндетін түсінбейтін, бала-шағаның тәрбие мәселесіне бей-жай қарап, өзінің ұрпағы алдындағы міндетін орындамайтын адамдардың да ортамызда жүргені жасырын емес. Өкінішке орай осындай жауапкершілігі жоқ азаматтар заңды бөлінен басып жүргендерін білмейді.

Бірақ заңды білмеу оларды жауапкершіліктен босатпайтынын естен шығармағандары жөн.

Қазақта «Ауруын жасырған өледі» деген мақал бар. Сондықтан біз «Алатау» қоғамдық-саяси газеті арқылы осындай жауапкершіліксіз әкелердің орынсыз іс-әрекеттерін жариялағымыз келеді.

Борышкерлер өздерінің іс-әрекеттерімен «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы» Заңың өрескел бұзып, әкімшілік жазаға тарту туралы ескертілсе де, жауапкершіліктен қашып жүр.

Заң барлық адам үшін бірдей. Сондықтан да дүниеге әкелген балаларын тағдыр тәлкегіне қалдырып, әкелік парызын өтемейтін мұндай азаматтар заң алдында шүбәсіз жауап беретінін естен шығармағандары жөн.

**А.Н.НҰРАХМЕТОВА,
Жетісу облысы өңірлік жеке сот
Орындаушылар палатасының
Жеке сот орындаушысы**

2025 жылдың қорытындысы бойынша зейнетақы активтерінің инвестициялық кірісі мен номиналды кірістілігі оң деңгейде қамтамасыз етілді

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық қызметінің қорытындысы бойынша 2025 жылы есептелген инвестициялық кіріс көлемі 1,77 трлн теңге болды. Валюта бағамдарының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі жағдайында 2025 жылдың қорытындысы бойынша зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген кірістілігі 7,43% көрсетті.

Зейнетақы активтерінің жекелеген қысқа мерзімді кезеңдердегі кірістілігі оларды ұзақ мерзімді басқару тиімділігінің көрсеткіші бола алмайды (мәселен, зейнетақы активтерінің 2024 жылғы инвестициялық кірістілігі – 17,96%). Кірістілік деңгейі қаржы құралдарының, валюта бағамдарының және кезеңнен кезеңге дейінгі өзге де көрсеткіштердің нарықтық құнының құбылмалылығына байланысты екенін атап өту маңызды. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін объективті талдауды ұзақ мерзімді кезеңге жасаған жөн.

2025 жылы кірістілік деңгейіне әсер еткен негізгі факторлардың бірі – теңгенің АҚШ долларына қатысты нығайуына байланысты теріс бағамдық қайта бағалау. Бұл ретте зейнетақы активтерінің құрылымындағы 41% үлес шетел валюталарында номиналданған қаржы құралдарына жасалған инвестицияларға тиесілі.

Қазақстанда 2025 жылы қалыптасқан кірістілік көрсеткішін әлемдегі кірістілік көрсеткіштерімен салыстыратын болсақ, Willis Towers Watson халықаралық талдау агенттігінің деректері бойынша 12 айдағы ең ірі зейнетақы нарықтарының номиналды кірістілігі (01.10.2025 жылғы жағдай бойынша) мынадай: Еуроаймақ – 4,7%, Ұлыбритания – 4,1%, Швейцария – 3,4%, Канада – 9,2%, АҚШ – 10,9%, Жапония-3,3%.

Орта және ұзақ мерзімді перспективада зейнетақы жинақтарының оң нақты (жинақталған инфляциядан асатын) кірістілігі қамтамасыз етіледі. Мәселен, 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап жинақталған инвестициялық кірістілік 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ескелі жиынтықпен 1 060,17% болды, ал бүкіл кезең ішіндегі инфляция 941,90%.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2014 жылдан бері (зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға біріктірілгеннен кейін) жинақталған таза инвестициялық кіріс 10,43 трлн теңгені құрады. Оның салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының жалпы көлеміндегі үлесі жасалған төлемдер есебінен 41,4%-ға тең, бұл инвестициялық қызметтің зейнетақы жинақтарын қалыптастырудағы маңыздылығын көрсетсе керек.

Сондай-ақ, салымшылардың өз зейнетақы активтерінің бір бөлігін (міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының 50%-на дейін және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының 100%-на дейін) реттеушінің талаптарына сәйкес келетін жеке инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) басқаруына аударуға құқығы бар.

ҚР Ұлттық банкінің зейнетақы активтерін ұзақ мерзімді кезеңде сақтауға және олардың оң кірістілігін қамтамасыз етуге бағытталған неғұрлым консервативті басқару тәсілімен салыстырсақ, ИПБ-лардың инвестициялық декларациялары мен реттеушінің талаптары зейнетақы активтерінің кірістілігін арттыру мақсатындағы (бұл ретте ИПБ-дағы тәуекелдер де жоғары) неғұрлым кең инвестициялық мүмкіндіктерді көздейді.

Қазақстанда ҚРҰБ басқаруындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының инфляция деңгейін ескере отырып, сақталуына бірегей кепілдік берілетінін еске саламыз. Салымшының төлемге құқығы басталған кезде жинақталған кірістілігіне кері әсерін тигізген жекелеген кезеңдердегі кірістіліктің төмендеуі жағдайында айырманың өтемақысына мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың барлық жүйесі ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗК зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Статистика және аналитика/Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару» бөлімінде жарияланады.

Зейнетақы жинақтарының кесте бойынша төлемдері: қашан және қайда жүгіну керек?

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес «БЖЗК» АҚ-дан (БЖЗК, Қор) белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері зейнет жасына толған адамдарға (ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас), сондай-ақ мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар, БЖЗК-да зейнетақы жинақтары бар адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Зейнет жасына жетуіне байланысты зейнетақы жарналарының міндетті түрлері есебінен БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақы тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚҚО) уақытылы жүгінуі қажет. Мұны зейнет жасына дейін 10 күн қалғанда жасауға болады. Зейнетақы төлемдерінің барлық түрлері өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Егер алушы өтініш берген күні зейнет жасына толып қойған болса, өтініштің және қажетті құжаттардың ХҚҚО-ға тіркелген күні өтініш берілген күн бойы есептеледі. Ал азамат зейнетақы төлемін алуға зейнет жасына толғанға дейін, ертерек жүгінген болса, зейнет жасына толған күн – өтініш берілген күн болып есептеледі. Өткізіп алған уақыт үшін мемлекеттік бюджеттен, сондай-ақ БЖЗК-дан зейнетақы төлемі тағайындалмайтынын есте ұстаған жөн.

Сондай-ақ, бюджеттен зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін де уақытылы жүгіну маңызды, өйткені оларды тағайындау үшін алушы ұсынған құжаттар бойынша еңбек өтілін тексеру қажет.

Айта кету керек, БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша белсенді қызмет көрсету мақсатында зейнет жасына толған, БЖЗК-да зейнетақы жинақтары бар, бірақ зейнетақы төлеміне өтініш бермеген тұлғалар бойынша Қор жыл сайын Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп осы азаматтардың жасына байланысты тағайындалған зейнетақы төлемдерінің және бюджет есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің болуы тұрғысынан салыстырып тексеруді жүргізеді. Жыл сайынғы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша бюджет қаражаты есебінен тағайындалған зейнетақы төлемдері бар адамдар анықталған жағдайда, БЖЗК алушыларға мемлекеттік корпорациямен жасасқан тиісті келісім шеңберінде жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде ХҚҚО-ға ұсынған банктік деректемелері бойынша зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру проактивті (өтінішсіз) қызметін көрсетеді.

Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты зейнетақы жинақтары төлемін алу үшін БЖЗК бөлімшелеріне не электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, БЖЗК сайтындағы (enpf.kz) немесе мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы жүгіну қажет.

БЖЗК-да мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін кешелі қызмет көрсетудің ұйымдастырылғанына назар аударамыз. Бұл ретте алдын ала ақылы кеңес, оның ішінде қызметтерді қашықтан, ешқандай бармай-ақ алу мүмкіндігіне тексеру жүзеге асырылады.

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасы басталғанға дейін – 50 жастан бастап алуға болады. Бұған қоса, ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдері белгіленген мүгедектік тобы мен мерзіміне қарамастан мүгедектігі бар адамдарға да беріледі.

Жасы бойынша немесе мүгедектікке байланысты ЕЗЖ есебінен төлемдер алуға өтінішті enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте онлайн-форматта беруге болады. Төлемдерді алу кестесін салымшы дербес белгілейді.

Айта кету керек, БЖЗК-дан зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

enpf.kz сайтындағы "Қызметтер – Зейнетақы төлемдері – Кесте бойынша төлемдер" бөлімінде зейнетақы төлемдерінің түріне, құжаттарды беру тәсіліне, оларды ресімдеуге қойылатын талаптарға байланысты құжаттардың тізбесі, өтініш бланкілері және оларды толтыру үлгілері, сенімхат үлгісі орналастырылған.

"БЖЗК" АҚ қауіпсіздік және салымшыларға қатысты алаяқтықтың алдын алу мақсатында төмендегілерді еске салады:

- Зейнетақы төлемдерін ресімдеу делдалсыз және комиссиясыз жүргізіледі;
- БЖЗК қызмет көрсету кезінде ақы алмайды, барлық төлемдер қатаң түрде заң бойынша жүзеге асырылады;
- Мемлекеттік органдардың, банкілердің, құқық қорғау құрылымдарының, байланыс операторларының және БЖЗК қызметкерлері ешқашан телефон, электрондық пошта немесе мессенджерлер арқылы дербес деректерді, банк карталарының деректемелерін, SMS-кодтарды және өзге де құпия ақпаратты сұрап алмайды;
- Егер қоңырау шалушылар Сіздің аты – жөніңізді атап, тұрғылықты мекенжайыңызды және жұмыс орныңызды білсе, бұл олардың ресми тұлға екендіктерін білдірмейді. Қажетті деректердің барлығын өртүрлі тәсілдермен алуға болады.

БЖЗК қатаң ескертеді! Ақпаратты ресми көздерден алыңыздар және тек заң шеңберінде ерекет етіңіздер.

Жақындарыңызды, әсіресе қарт туыстарыңызды ақпараттық қауіпсіздік ережелерімен таныстырыңыздар.

Сақтық шараларын алдын ала қабылдаңыз, осылайша сіз өзіңіздің жеке деректеріңіздің берік қорғалуын, қауіпсіздігін және құпиялылығын қамтамасыз етесіз.

БЖЗК-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗК-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

По итогам 2025 года обеспечены инвестиционный доход и номинальная доходность пенсионных активов на положительном уровне

По итогам инвестиционной деятельности Национального Банка Республики Казахстан (НБРК) по управлению пенсионными активами объем начисленного инвестиционного дохода за 2025 год составил 1,77 трлн тенге. В условиях волатильности валютных курсов и изменения рыночной стоимости финансовых инструментов доходность пенсионных активов, распределенная на счета вкладчиков (получателей) по итогам 2025 года, составила 7,43%.

Важно отметить, что доходность пенсионных активов за отдельные краткосрочные периоды времени не является показателем эффективности их долгосрочного управления (к примеру, в 2024 году инвестиционная доходность пенсионных активов составила 17,96%), в связи с волатильностью рыночной стоимости финансовых инструментов, курсов валют и иных показателей от периода к периоду. Поэтому объективный анализ размера инвестиционного дохода целесообразно делать за более длительный период времени.

Одним из ключевых факторов, оказавших влияние на уровень доходности в 2025 году, стала отрицательная курсовая переоценка, обусловленная укреплением тенге по отношению к доллару США. При этом доля инвестиций в финансовые инструменты, номинированные в иностранных валютах, в структуре пенсионных активов составила 41%.

Сложившийся за 2025 год показатель доходности в Казахстане сопоставим с показателями доходности в мире. Так, по данным международного аналитического агентства Willis Towers Watson номинальная доходность крупнейших пенсионных рынков за 12 месяцев (по состоянию на 01.10.2025 года) сложилась следующим образом: Еврзона – 4,7%, Великобритания – (-4,1%), Швейцария – 3,4%, Канада – 9,2%, США – 10,9%, Япония – 3,3%.

В средне- и долгосрочной перспективе обеспечивается положительная реальная (превышающая накопленную инфляцию) доходность пенсионных накоплений. Так, накопленная инвестиционная доходность с момента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году по состоянию на 1 января 2026 года с нарастающим итогом составила 1 060,17% при инфляции за весь период 941,90%.

По состоянию на 1 января 2026 г. накопленный с 2014 года (после объединения пенсионных активов в ЕНПФ) чистый инвестиционный доход составил 10,43 трлн тенге. С учетом произведенных выплат его доля в общем объеме пенсионных накоплений вкладчиков (получателей) составляет 41,4%, что свидетельствует о существенной роли инвестиционной деятельности в структуре накоплений граждан.

Также отметим, что вкладчики имеют право на перевод части пенсионных активов (до 50% пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов и до 100% пенсионных накоплений за счет добровольных пенсионных взносов) в управление частным управляющим инвестиционным портфелем (УИП), соответствующим требованиям регулятора.

В сравнении более консервативным управлением НБРК, направленным на сохранность пенсионных активов и обеспечение их положительной доходности в долгосрочном периоде, инвестиционные декларации УИП и требования регулятора предусматривают более широкие инвестиционные возможности УИП в целях повышения доходности пенсионных активов (при этом риски в УИП также выше).

Напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов под управлением НБРК с учётом уровня инфляции. В случаях снижения доходности в отдельном периоде, повливающего на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Статистика и аналитика/Инвестиционное управление пенсионными активами».

Выплаты пенсионных накоплений по графику: когда и куда необходимо обращаться?

Ежемесячные пенсионные выплаты по установленному графику из ЕНПФ в соответствии с Социальным кодексом Республики Казахстан осуществляются лицам, достигшим пенсионного возраста (мужчины – 63 года, женщины – 61 год), а также лицам с инвалидностью 1 или 2 группы, установленной бессрочно, имеющим пенсионные накопления в ЕНПФ, в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан.

Для назначения пенсионных выплат из ЕНПФ за счет обязательных видов пенсионных взносов в связи с достижением пенсионного возраста, а также назначения базовой и солидарной пенсии из государственного бюджета получателям необходимо своевременно обращаться в Государственную корпорацию «Правительство для граждан» (ЦОН) по месту жительства. Сделать это можно за 10 дней до наступления пенсионного возраста. Все виды пенсионных выплат производятся со дня обращения. При этом днём обращения считается день регистрации заявления и необходимых документов в ЦОН при условии, если получатель достиг пенсионного возраста, если он обратился раньше - днём обращения считается день достижения пенсионного возраста. Необходимо помнить о том, что за пропущенный период выплаты пенсии из госбюджета, а также из ЕНПФ не назначаются.

Также важно своевременно обратиться для оформления выплат пенсии из бюджета, потому что для их назначения требуется проверка трудового стажа по представленным получателем документам.

Стоит отметить, что в целях оказания проактивной услуги по осуществлению пенсионных выплат из ЕНПФ лицам, достигшим пенсионного возраста, имеющим пенсионные накопления в ЕНПФ и не обратившимся за их выплатой, ЕНПФ проводит ежегодную сверку совместно с Государственной корпорацией на предмет наличия у данных граждан назначенных пенсионных выплат по возрасту и государственной базовой пенсионной выплаты за счет бюджетных средств. По результатам ежегодной сверки при выявлении лиц, у которых имеются назначенные пенсионные выплаты за счет бюджетных средств, ЕНПФ оказывает им проактивную услугу (без заявительности) по осуществлению им пенсионных выплат в рамках соответствующего соглашения, заключенного с Государственной корпорацией, на банковские реквизиты, представленные получателями в ЦОН при назначении пенсионных выплат по возрасту.

За выплатой пенсионных накоплений в связи с установлением инвалидности первой или второй группы бессрочно необходимо обращаться в подразделения ЕНПФ либо через личный кабинет на сайте (enpf.kz) или в мобильном приложении ЕНПФ с использованием электронной цифровой подписи.

Обращаем внимание, что в ЕНПФ для лиц с инвалидностью первой или второй группы, установленной бессрочно, организовано выездное обслуживание. При этом осуществляется предварительная консультация, в том числе проверка на возможность получения услуг дистанционно, без выезда.

Пенсионные выплаты за счет ДПВ можно начать получать до наступления общеустановленного пенсионного возраста – начиная с 50 лет. Кроме того, пенсионные выплаты за счет ДПВ предоставляются лицам с инвалидностью, независимо от группы и срока установленной инвалидности.

Заявление на получение выплат за счет ДПВ по возрасту или в связи с инвалидностью можно подать в онлайн-формате в личном кабинете на сайте enpf.kz. При этом график получения выплат устанавливается вкладчиком самостоятельно.

Следует отметить, что пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений.

На сайте enpf.kz в разделе «Услуги – Пенсионные выплаты – Выплаты по графику» размещен перечень необходимых документов в зависимости от вида пенсионных выплат, способа их подачи, требования к их оформлению, бланки заявлений и образцы их заполнения, образец доверенности.

Также в целях безопасности и предотвращения мошенничества в отношении вкладчиков АО «ЕНПФ» напоминает:

- Оформление пенсионных выплат происходит без посредников и комиссий;
- ЕНПФ не взимает плату при оказании услуг, а все выплаты осуществляются строго по закону;
- Работники государственных органов, банков, правоохранительных структур, операторов связи и ЕНПФ никогда не запрашивают по телефону, электронной почте или через мессенджеры персональные данные, реквизиты банковских карт, SMS-коды и иную конфиденциальную информацию;
- Если звонящие обращаются к Вам по имени и отчеству и знают ваш адрес проживания и место работы, это не означает, что эти люди являются официальными лицами. Все необходимые данные можно получить разными способами.

ЕНПФ настоятельно рекомендует получать информацию из официальных источников и действовать исключительно в правовом поле. Ознакомьте своих близких, особенно пожилых родственников, с правилами информационной безопасности.

Соблюдайте меры предосторожности и тем самым Вы обеспечите сохранность, безопасность и конфиденциальность своих персональных данных.

Консультационные услуги ЕНПФ можно получить посредством мессенджеров (чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 771 171 72 01), на корпоративном сайте enpf.kz, а также на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники.

ТУҒАН ТІЛІМ – ТӨРГЕ ШЫҚ!

КЕЗДЕСКЕН КЕМШІЛІКТЕРДІ ТҮЗЕСЕК...

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін өсіріп, мерейін тасыту жолында егемен елімізде іргелі істер істеліп жатыр. Бодандық заманда жойылып кетудің азақ алдында қалған ана тіліміздің абыройын асқақтатып, беделін биіктету тәуелсіз мемлекет болғалы бері қызу қолға алынды. Дегенмен, орын алып отырған олқылықтар, кездесіп жатқан кемшіліктер мемлекеттік тілдің қолдану аясын барынша кеңейте түсуге қолбайлау болып отырғаны да құпия емес. Өкінішке орай, бүгінгі күні мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілінің тағдыры өзі бастау алатын, қалыптасатын және тағдыры шешілетін қоғамдағы екі елеуметтік ортаға байланысты болып отыр. Ең бастысы отбасы ана тілді үйретудің алтын ұясы бола алмай отыр. Кешегі кеңес

заманының белсенділері, бүгінгі ата әжелер немерелерімен орыс тілінде қарым қатынас жасайды. Оқыған жас әке шешелердің көбісі орыс тілін пайдаланады. Ең қиыны жастарымыз қарым қатынас құралы ретінде көбіне орыс тілін қолданады. Енді жағдайды жақсарту үшін бұл тұрғыда ананың рөлі айрықша. Себебі ана өз тілінде сөйлемей, перзенті ана тілінде сөйлемейді. Бұл біздің күнделікті өміріміздің көз үйренген көрінісі. Жастардың әсіресе, сәбилеріміздің өз тілін білмеуі немесе еркін сөйлей алмауы келешекте өз тіліне деген намысын жойып қана қоймай, олардың ұлттық ойлау жүйесін де бұзады.

Ендеше алдымен мемлекеттік тілді меңгеру әрбір азаматтың отбасынан бастау алуы тиіс. Баланы тал бесіктен бастап, ана

тілінде сөйлеуге дағдыландырса нұр үстіне нұр болар.

Жалпы мемлекет тарапынан мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту арқылы оның мәртебесін арттыруға барлық мүмкіндік жасалған. Алайда, соған қарамастан жасанды қолбайлаулардың салдарынан бұл тұрғыда олқылықтар да жол беріліп келе жатқаны жасырын емес. Алысқа бармай ақ, өзіміз күнделікті көзімізбен көріп, көңілімізге тоқып жүрген сот жүйесін алсақ та жеткілікті. Сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын барынша кеңейте түсуге қол жеткізуге тілге байланысты заңдар талаптарын өрескел бұрмалау салдарынан туындаған өзіміздің жасанды проблемаларымыз кедергі келтіруде. Мәселен, сот отырыстарында орысшаға

шорқақ қазақ азаматтардың арыздарын орыс тілінде жазып, ал істі қарау барысында аудармашы тағайындауды сұрататын жағдайлар кездесіп жатады. Оның мұндай қадамға бару себебін анықтай келе, өзі қазақ бола тұра орыс тілінде таптаурын тәсілмен жазып үйреніп қалған тергеушінің немесе қорғаушының ықпалымен орыс тілінде жазуға келіскені анықталып жатады. Сондықтан мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің үлесін арттыра түсу үшін осындай жасанды кедергілерді жойған абзал. Атап айтқанда, кездесіп отырған кемшіліктерді жойсақ, қазақ тілінде қаралатын істердің саны да анағұрлым арта түсері талассыз.

Ақсана ЕРМЕК,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

ЛАУАЗЫМ

ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы №220 Жарлығымен арнайы тергеу соттары құрылды. Оның мақсаты – соттағы айыптау мен қорғау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету. Осыған сәйкес, адамның конституциялық құқықтарын шектеуге байланысты барлық тергеу әрекеттерін санкциялау бойынша өкілеттіктер кезең-кезеңімен тергеу судьяларына беріле бастады.

Тергеу соты сұрау салуды орындаудан бас тартылған не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаған жағдайда, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, қылмыстық іс үшін маңызы бар кез келген мәліметтерді, құжаттарды, нәрселерді талап етіп алдыру және қылмыстық іске қосып тігу туралы мәселені де қарайды.

Тергеу судьясы – Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне көзделген ерекше құқықтық мәртебеге ие тұлға. Ол қылмыстық процесте тек бейтарап және әділетті шешім қабылдауға міндетті. Тергеу судьясының негізгі міндеті – тергеу барысында адам құқықтарының сақталуын қадағалау, тергеу органдарының процессуалдық әрекеттерін бақылау және заңсыз шешімдердің жолын кесу.

Тергеу судьясы мынадай істерге араласады: - тінту, қамауға алу, мүлікке тыйым салу секілді мәжбүрлеу шараларына санкция беру; - ұстап алынған тұлғалардың құқықтарының бұзылмауын қадағалау; - шағымдар мен өтініштерді қарау; - айыпталушыны немесе күдіктіні қамауда ұстау мерзімін ұзарту, не босату туралы шешім қабылдау.

Тергеу судьясының қандай да бір тұлғаның қылмыстық жауаптылығы туралы мәселені қарамайтынын түсіну қажет. Ол тек тергеу амалдарының азаматтардың құқықтарының заңдылығына бақылау жасайды. Бақылаудың өзі қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылмауын қарастыратын процестік іс-әрекеттерді қамтиды.

Соттың қылмыстық қудалау мен айыптау қызметін атқармайтынын да ажырата білген абзал. Сондықтан сот тергеу амалдарының өндірісі бойынша шешімдер қабылдауда тәуелсіз. Қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған тұлғалардың құқықтары тергеу судьясымен бақылауда болады.

Тергеу судьясы заңмен қарастырылған өкілеттілік шегінде қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша сараптама тағайындау не қылмыстық қудалау органының, жасырын тергеу әрекеттерін қоспағанда, оның ішінде, егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылдамаса, өзге тергеу әрекеттерін жүргізуі туралы мәселені қарайды.

Айнұр ЕСТАЙ,
Қонаев қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы.

МАМАН МІНБЕРІ

ТАЛАП ҚОЮДЫ
ҚАЛАЙ БЕРГЕН ДҰРЫС

Кейінгі жылдары сотқа жүгінушілердің қатары артып келе жатқандығы құпия емес. Өкінішке қарай, талап қою беру тәртібін сақтамай, арыздарын бірнеше рет қайталап беріп жататын азаматтар да кездесіп жатады. Сондықтан бүгінгі шағын мақаламызда сотқа талап қоюдың тәртібі туралы оқырмандар назарына ұсына кетсек артық болмас деп ойлаймыз. Сонда қарапайым адамдар сергелдеңге түспей, уақыттарын ұтқызбай арыз-шағымдарын заң талабына сай өткізуге мүмкіндік туары хақ.

Жалпы талап арызды сотқа жазбаша немесе электронды түрде беруге болады. Онда соттың атауы, талап қоюшының аты-жөні, яғни, осы кодекстің 148, 149-бабымен айқындалған мәліметтер мен қажетті құжаттардың тізбесі көрсетілуі міндет. Талап қоюға талап қоюшы немесе оған өкілеттігі бар өкілі қол қояды. Ал электрондық нысанда берілген талап қою талап қоюшының немесе өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Заңға сәйкес берілген талап қою 150-баппен көрсетілгендей, бес жұмыс күні ішінде соттың іс жүргізуіне қабылданады. Татуласу рәсімдері жүргізілген жағдайда бұл мерзім он жұмыс күніне ұзартылады. Сотқа дейінгі хаттама осы кодекстің 73-бабының 1-2-бөліктеріне сай жасалған кезде талап қою он бес жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Татуласу рәсімдері АПК-нің 17-тарауында көзделген қағидалар негізінде жүргізіледі. Талап қою іс жүргізуге қабылданған соң іс жүргізу тілі көрсетіліп, соттың азаматтық іс қозғау туралы ұйғарымы шығарылады. Істі сот талқылауына дайындау кезінде тараптар өздерінің жазбаша өтінішхатымен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге құқылы. Талап қоюды қабылдаудан бас тартылатын жағдайлар осы кодекстің 151-бабымен нақтыланған. Атап айтсақ, арыз азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпаса, сондай-ақ, осы тараптар арасындағы, дәл сол нысана, сол негіздер жөнінде шығарылған дау бойынша, осы кодексте көзделген негіздермен іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы заңды күшіне енген сот шешімі немесе сот ұйғарымы болса қабылданбайды. Сонымен қатар, төреліктің тараптар арасындағы нақ сол нысана туралы және дәл сол негіздер жөніндегі дау бойынша қабылданған шешімі және осы бойынша жасалған атқарушылық жазба болса талап қоюды қабылдаудан бас тартылады.

Талап қоюды қабылдаудан бас тарту туралы ұйғарым ол келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шығарылып, талап қоюға қоса берілген барлық құжаттармен бірге арыз берушіге жіберіледі. Мұндай ұйғарымға шағым берілуі, сондай-ақ, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Осы соттың соттылығына жатпайтын іс, сондай-ақ, әрекетке қабілетсіз адам берген арыз, т.б. заң талабына қайшы келетін талап қоюлар қайтарылады. Талап қоюшы жіберілген қателікті жойған жағдайда сотқа қайта жүгіне алады. Талап қоюды қайтару туралы ұйғарым шығарылған кезде азаматтық істі қозғауға кедергі келтіретін мән-жайларды жою жолдары көрсетіледі. Талап қоюды қайтару туралы соттың ұйғарымына апелляциялық сатыдағы сотқа жеке шағым берілуі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін, оның шешімі түпкілікті болып табылады.

Данияр МОЛДАХМЕТОВ,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

МЕДИАЦИЯ

ДЛЯ ДОСТИЖЕНИЯ ВЗАИМОПРИЕМЛЕМОГО РЕШЕНИЯ

Всем известно, что одним из новшеств действующего с 1 января 2016 года ГПК РК является продвижение альтернативных процедур регулирования споров. Существуют виды АРС: переговоры, медиация, претензионный порядок. Дополнен исполнительный надписью, партисипативной процедурой, судебной медиацией.

Судебная медиация — примирительная процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры, в целях достижения ими взаимоприемлемого решения, реализуемая по добровольному согласию сторон. Споры (конфликты), возникающие из гражданских, трудовых, семейных, и иных правоотношений с участием физических и (или) юридических лиц, а также рассматриваемые в ходе

уголовного судопроизводства по делам о преступлениях небольшой и средней тяжести, об уголовных проступках, если иное не установлено законами РК, и отношения, возникающие при исполнении исполнительного производства являются сферой применения медиации.

Условием участия в процедуре медиации является взаимное добровольное волеизъявление сторон, выраженное в соглашении о медиации. Целями медиации являются: достижение варианта разрешения спора (конфликта), устраивающего обе стороны медиации; снижение уровня конфликтности сторон.

При проведении медиации медиатор независим от сторон, государственных органов, иных юридических, должностных и физических лиц. Медиатор самостоятелен в выборе средств и методов медиации, допу-

стимость которых определяется настоящим Законом. Медиатор должен быть беспристрастным, проводить медиацию в интересах обеих сторон и обеспечивать сторонам равное участие в процедуре медиации. При наличии обстоятельств, препятствующих беспристрастности медиатора, он должен отказаться от проведения медиации. Не допускается вмешательство в деятельность медиатора при проведении медиации со стороны лиц, указанных в пункте 1 настоящей статьи, кроме случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

Стороны в медиации не только решают спор путем переговоров, но и стараются сохранить дружественные отношения после медиации. При разрешении спора в процедуре медиации стороны не стараются доказать правоту или обосновать требования и возражения, а наоборот стараются достичь

такого разрешения конфликта, которое устраивало бы обе стороны.

Для расширения сферы применения медиации и уменьшения нагрузки на судей, процедура медиации внедрена в судебную систему. В целом, утвержденные судом соглашения об урегулировании спора в порядке суд медиации и классической медиации, а также соглашение в порядке партисипативной процедуры имеют такую же юридическую силу, как мировое соглашение. Следовательно, принудительное исполнение данных соглашений производится по правилам исполнения мирового соглашения.

Олег АНИСИМОВ,
председатель Текелийского городского суда.

ҚҰТТЫҚТАУ

ОТАНДЫҚ СПОРТ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ Оқиға

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жасөспірімдер арасында конькимен жүгіруден өткен әлем біріншілігінде тамаша өнер көрсеткен Кристина Шумекованы құттықтады, деп хабарлайды Ақорда.

Ақорданың баспасөз қызметінің хабарлауынша, Қасым-Жомарт Тоқаев Кристина Шумекованың үш алтын медаль мен абсолютті әлем чемпионы атағына ие болуын отандық спорт тарихындағы ерекше оқиға ретінде бағалады.

Президенттің айтуынша, атлет мұндай табысқа талант пен табанды еңбектің, темірдей тәртіп пен жеңіске деген мұқалмас жігердің арқасында жетті. Сондай-ақ, ол Кристинаның алдағы уақытта да биік белестерді бағындыра беруіне тілектестік білдірді.

Айта кетейік, конькимен жүгіруден Қазақстан құрамасының өкілі Солтүстік Қазақстан облысының тумасы Кристина Шумекова Германияның Инцелль қаласындағы жасөспірімдер арасындағы әлем біріншілігінде 500 метр, 1000 метр және 1500 метрге жүгіруде бірінші болып мәреге жетіп, жеңіс тұғырына үш рет көтерілді. Сонымен қатар, 3000 метр қашықтықта отандық конькиші екінші болып келді, ол 4 минут 3,99 секундта мәре сызығын кесті. Сөйтіп, көпсайыс қорытындысы бойынша да абсолютті чемпион атанды.



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ



КАНАДАДА СЕНСАЦИЯ ЖАСАҒАН ЖАС ХОККЕЙШІЛЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Astana Team балалар хоккей командасын Канадада өткен Quebec International Pee-Wee Hockey Tournament халықаралық жарысында жеңіске жетуімен құттықтады, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.

Мемлекет басшысы қазақстандық клубтың сенсациялық жетістігі отандық спорттағы айтулы оқиға екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары шеберлік деңгейі мен жеңіске деген ынта-жігерін паш етіп, ақтық сында хоккейдің отаны саналатын канадалықтардан басым түскен өрендерімізге ризашылығын жеткізді. Президент жас хоккейшілердің табанды түрде жаттығып, күш-қайраттарын шыңдап, бұдан да биік асуларды бағындыруына тілектестік білдірді.

Еске сала кетсек, Канаданың Квебек қаласында 1960 жылдан бері жыл сайын өтетін жасөспірімдер арасындағы беделді Quebec International Pee-Wee Hockey Tournament турнирінің финалында отандық жас хоккейшілер жергілікті «Нуар э Ор де Мортань» командасын негізгі уақытта 3:3 есебінен кейін буллиттер сериясында ұтып, тарихи табысқа қол жеткізген болатын.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖЕРГЕ ҚАРАТПАДЫ

БӘРЕКЕЛДІ



Астана қаласында грек-рим еркін және әйелдер күресінен 17 жасқа дейінгі және 20 жасқа дейінгі балуандар арасында Қазақстан чемпионаты өтті. Біріншілікке еліміздің барлық аймағынан 1200-ден астам балуан бақ сынады. Оның қорытындысы бойынша әр салмақ дәрежесінде үздік шыққан спортшылар Қазақстан құрамасының сапына қосылып, ресми чемпионаттарда ел намысын қорғайтын

болды. Сонымен қатар, бұл чемпионатта отандық күрестің тарихында тұңғыш рет жүлдегерлерге сыйақы табысталды. Жас балуандарды қолдау және олардың кәсіби өсуін ынталандыру мақсатында Қазақстан күрес федерациясы U-17 жас санатындағы ел чемпиондарына 300 000 теңге көлемінде, ал U-20 жас санатындағы Қазақстан чемпиондарына 500 000 теңге көлемінде ақшалай сыйақы тағайындады.

Бұл байрақты бәсекеде жетісулық балуандар жақсы қырымен көзге түсіп, жүлделі орындардан көрінді. Атап айтар болсақ, әйелдер күресінен 17 жасқа дейінгі додада жалпы командалық есепте Алматы қаласының спортшыларын ғана алға жіберген жетісулық бұрымды балуандар Түркістан облысының қыздарымен бірге үздік үштікті түйіндеді. Ал, жекелей салмақ дәрежесінде төрт қызымыз жүлдегерлер тұғырына көтеріліп, медальдармен қоса ақшалай марапатқа ие болды. Атап айтсақ, 61 келі салмақта белдескен Айгерім Полатбай Жетісудың намысын асқақтатып, ел чемпионы атанды. Айгерім финалда тәжірибелі қызылордалық қыз Руфия Нұрдиновамен алтын үшін белдесті. Тартысты кездесу алғашқы минуттардан-ақ қызы түсті. Алайда Айгерім қайсарлығын танытып, қарқынын үдетіп, қарсыласына

мүмкіндік қалдырмады. Қорытынды есеп - 8:1. Сенімді жеңіс, лайықты алтын! Айгерімнің жеңісті жолын қандалас құрбылары да жалғастырды. Мәселен, 57 кг салмақ дәрежесінде боз кілемге шыққан Аружан Бақытнұр мен 65 кг салмақта сынға түскен Гүлім Мұхаметжан алтын үшін айқаста ғана қарсыластарына жол беріп, күміс жүлдегер атанды. Ал, тағы бір аруымыз 40 кг салмақта күрескен Амина Нұржұма қола медальды қанжығалады. Жігіттеріміз де құралақан қайтқан жоқ. Мәселен, еркін күрестен 17 жасқа дейінгі бозбалалар арасында ең ауыр 110 келі салмақ дәрежесінде боз кілемге шыққан Сағындық ТЕМІРҒАЛИ қарсыластарын алып та шығып, шалып та жығып ел чемпионы атанса, 48 келі салмақта белдескен Әбсаттар ӘМІРБАЙ және 92 келі салмақта сынға түскен Алан МҰҚАШ қола жүлдегер атанды. Осылайша, жас балуандарымыз

өңір намысын абыроймен қорғап, Жетісудың мерейін үстем етті!

Ресейдің Барнаул қаласында 15–17 жас аралығындағы қыздар арасында кәгалдағы хоккейден «Алтай өлкесінің кубогы» үшін халықаралық турнир ұйымдастырылды. Бұл байрақты бәсекеде бас жүлдені жеңіп алу үшін сайдың тасындай іріктелген кілең мықты ұжымдар бақ сынады. Сүйсінерлігі сол, тартысты жағдайда өткен турнир қорытындысы бойынша ел намысын қорғаған Жетісу облысының қыздар құрамасы тамаша ойын өрнегін көрсетіп, барлық қарсыластарынан басым түсіп, турнир жеңімпазы атанды. Сөйтіп, аруларымыз алтын медальмен марапатталып, оған қоса бас жүлдені – арнайы Кубокты Қазақстанға алып қайтты.

Ш. БАТОВ.

ВОЛЕЙБОЛ

Көксу ауданында бұқаралық спортты дамыту арқылы салауатты өмір салтын орнықтыру сақсатында ілкімді істер атқарылып келеді. Соның арқасында жыл басынан бері көксулық спортшылар түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып, жүлде тұғырынан көрініп те үлгерді. Сондай жарыстардың бірі облыс орталығы Талдықорған қаласында өткізілді. Атап айтсақ, ақпан айында волейболдан 2011-2012 жылы туылған жасөспірім ұлдар арасында Жетісу облысының чемпионаты өтті.



БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА БАСА КӨҢІЛ БӨЛІНУДЕ

Жарыстың нәтижесі бойынша Көксу ауданының балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің ұлдар командасы жақсы өнер көрсетіп, жүлделі 3 орынға ие болды. Айта кету керек, оларды волейбол спортының қыр сырына Жалғас Марденов, Жанат Исқаков сияқты тәжірибелі бапкерлер баулып жүр.

Жалпы Көксу ауданында волейбол спорты үрдіс қарқынмен дамып келеді. Оған осы спорт түрі бойынша әртүрлі деңгейдегі турнирлердің жиі ұйымдастырылып тұратыны дәлел болса керек. Күні кеше ғана өткен аудандық жарыс сөзімізді дәлелдей түскендей.



Жұрынбаев баулыған Алғабас командасы жеңімпаз атанды. Саят Құсмановтың шәкірттері Қ.Жалайыри ұжымы екінші орынға табан тіреді. Үшінші жүлде тұғырына Аслан Маманов жаттықтыратын Көксу ауданының БЖСМ командасы көтерілді. Сонымен қатар, жекелей номинациялар бойынша турнирдің таңдаулы ойыншылары анықталып, арнайы жүлделермен марапатталды. Атап айтқанда, Алғабас командасынан Айым Сейсебаева үздік қорғаушы, Қ.Жалайыри ұжымынан Бақыт Әнел үздік шабуылшы болып танылса, 3.Тамшыбай командасынан Айша Жұмағали үздік шабуылшы, ал, Көксу ауданының БЖСМ командасынан Амина Аманжол үздік үйлестіруші болып танылды.

Айнұр САМЕНОВА, Көксу ауданының балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері.

орай волейболдан 2013-2014 жылы туылған жасөспірім қыздар арасында Көксу ауданының чемпионаты өтті. Тартысты өткен турнир қорытындысында Мұрат

Бетті дайындаған Ш. ХАМИТОВ

Жетісу облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы баспасөз қызметінің мәліметтері бойынша дайындалды.

ДЕНСАУЛЫҚ

ЖҮРЕК АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛАТЫН 5 ҚАДАМ

Жүрек - адам денесінің «моторы». Адамдар арасында жүрек-қан тамырлар аурулары жиі кездеседі. Олардың алдын алу үшін қарапайым әдеттерді сақтау жеткілікті.

1. Ұйқыны қандыру

Ұйқы - адам ағзасына өте қажет процесс. Десе де, әдетте қала тұрғындары ұйқының бұзылуына жиі шалдығады. Оған себеп - қарбалас өмір ырғағы мен бітпейтін күйзелістік жағдайлар. Ұйықтау мен ояну жұру режимі артериялық қысым циклімен тікелей байланысты: жүрекке демалуға мүмкіндік беру үшін артериялық қысым түнде төмендеуі керек. Ұйқысыздықпен қиналатын адамдарда бұл режим бұзылады: қысым түнде жоғары деңгейде сақталып, жүрек түнде де күндізгі секілді режимде жұмыс істейді. Ал ол жағымсыз салдарларға әкеледі. Оған қоса, ұйқының жетіспеуі күйзеліс гормоны - кортизолды арттырады. Ол да жүрек-қан тамырлар жүйесіне

өз әсерін береді.

Түнде 7-8 сағат ұйықтауға тырысыңыз және күнде бір уақытта жатуды әдетке айналдырыңыз. Ұйықтау алдында белсенді жаттығулар жасамаған дұрыс. Сондай-ақ бұл кезде компьютерлік ойындар ойнамаңыз және қорқынышты немесе триллер жанрындағы фильмдер көрмеңіз.

2. Көбірек қозғалу

Көпшілік көп уақытын компьютер алдында немесе смартфонмен өткізеді. Отырыңқы өмір салты бас ауруының, шаршаңқылықтың, омыртқа проблемасының себебі болып қана қоймай, жүрек-қан тамырлар аурулары қаупін арттырады. Жүрек - бұлшықеттік орган, ал бұлшықеттер жаттығусыз "семіп" қалады.

Кез келген белсенділік пайдалы: таңғы жеңіл жаттығу, велосипед тебу, жаяу жүріс, би, жүзу, балалармен жүгіріп ойнау, баспалдақпен жүру, бақшадағы жұмыс, үйді тазалау. Бастысы, физикалық жүктеме жүйелі түрде болуы керек және ол шамаңызға қарай таңдалуы тиіс.



3. Темекі тартпау

Никотин адам өмірін қысқартады. Темекі тартатын адамдардың инфаркт алу қаупі жоғары. Оған қоса, темекі түтінінің ұсақ бөліктері ағзаға түскен кезде көптеген ауруларды ынталандырады. Мысалы: остеопороз, анемия, бедеулік, онкология.

4. Салмақты бақылау

Семіздік жүректің ишемиялық ауруының, гипертонияның, атеросклероздың пайда болу қаупін 4 есе арттырады. Тамақтану рационыңызды қайта қарастырыңыз. Майлы, қуырылған және ұннан жасалған тағамдарды азайтыңыз. Мәзірге жасұныққа бай өнімдерді қосыңыз. Себебі ол қан тамырларды тазартады және қандағы "жаман" холестерин деңгейін азайтады.

5. Күйзеліспен күресу

Созылмалы күйзеліс жүйке жүйесін шаршатады және денсаулықты бұзады. Ұзақ уақыт бойы күйзелісте жүрген адамдарда инфаркт және инсульт қаупі артады.

Жағымсыз эмоциялардан уақытында арылыңыз. Йогамен және медитациямен айналысыңыз.

massaget.kz сайтынан алынды

Қазақ- тың бір туар ұлы	Ізет	Ресей обл.	Қыз есімі	Пеш	Ағаш қолы Түс	Тәу жөмісі	Ұй Айт алды	Су кезі	Гүл	Кесел	Несіл	Қазақ ханы
Қазақ батыры	Құс	Кілемде болады	Көктем суығы Шөп	Жан тұныш- тық	Жан тұныш- тық	Жер ұйық іздеген ақын	Жер ұйық іздеген ақын	Ният	Сөйлем мүшесі	Қыз есімі	Сүйкім- сіз адам	
Жансү- гіров шығар.	Гүл	Дене бөлігі Жеке	АҚШ штаты	Бас «мото- ры»	Ангола Былға- ныш	Жер өлшемі	Кино жұлде	Оқ жұмсау	Металл	Ғалым		
Шық	Нан	Ұран- шыл қажы	Өн бай- қауы Маари- тания	Икемде, тер	Төңіз алпыбы Өзбек ағасы	Түйе	Шам					
Кебек жауы	Дақыл	Күйеуі- нің ағасы	Ғылыми дереже	Тула ауылы	Қазақ басшы- сы	Өкіл	Ұста құралы Сақа	Оттегі	Ти де- сем, ти мейді	Қаз-н мақт. қаласы		
Екі ел дене- кері	Ер тұрман бөлігі	Сауал	Би-бо- лыстың «адыо- танты»	Құрылыс жұмысы Жұғым- сыз	Үме	Рет	Ағаш Мылқау бала	Күйе	Қазақ. партия			
Көлік	Ер есімі	Сүлей- менов Бай	Шайыр Аудан «көкесі»	Мола	Тоты	Биеріс	Қаз. өн тобы	Тату жандар	Тауарды үгіттеу			
Қазақ ханы	Ұрла- ғыш қол	Арық	Молла	Тоты	Биеріс	Княз үй бөлігі	Ас атасы	Княз үй бөлігі	Ас атасы			
Самал	Ұждан	Ауыл келігі	«Банды- ны қуған Хавант» кейіп-р	Оттың бірден жануы	Монша	Сиыр ауруы	Бала Ирина	Сыр ауруы	Бала Ирина			
Азамат- тық міндет	Кеш	Мығым	Эстон жазу- шысы	Олақ одан жаман	Сөзін жөйтін ақ	Сана	Қатты зат Егіздер	Сөзін жөйтін ақ	Сана	Қатты зат Егіздер		
Келісім	Қару	Ғалам	Тау	Лолита қызы	Зеру	Құдай- лар анасы	Құдай- лар анасы	Құдай- лар анасы	Құдай- лар анасы			
Көшірім	ҚР өн жүл- дызы	Төтті нан	Қортық	Қырағы Пері өйел	АҚШ көз тік- кен ел	Ғашық- тарға куе	Новости	Қортық	Қырағы Пері өйел	АҚШ көз тік- кен ел		
Ресей теле- арнасы	Күріш	Ғажан	Аға	Ғажан	Ғажан	Ғажан	Ғажан	Ғажан	Ғажан	Ғажан		

Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры
Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор
Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:

Гүлнұр БАЙМҰХАН – редактордың орынбасары
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – Тілші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН



Газет Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде
2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп,
№ 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны
мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде
"Алматы-Болашақ" АҚ филиалы
"Оффсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы,
Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс
тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Талсырыс № 256

Индекс 15534



Меншік иесі

"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ